

Кәкімбек САЛЫҚОВ



*Катар жүрген күндерді  
сыйлайықшы...*

Люблю Таня!

Она у нас есть,  
Сыграем с ней  
и жить, все, настолько  
счастливой будем  
люблю свою Таню

Мария -  
26-03-2005  
Люблю

Кәкімбек САЛЫҚОВ

ҚАТАР ЖҮРГЕҢ  
КҮНДЕРДІ  
СЫЙЛАЙЫҚШЫ

«*Жүрғіз*  
2004 Атматы  
*Медаль*»



*Қазқоңың асыл азаматы Есендегі Мұқыжановтың  
60-жасқа толған мерей тойына арнадым*

C 18 Салыков.К  
Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы Алматы: “Үш Қияп”,  
2004 -104 бет

ISBN 9965-738-02-5

Бұл кітапта қазақтың корнекті ақыны, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Көкімбек САЛЫҚОВТЫҢ айтулы азамат, “Құрмет” орденінің иегері, Алматы қаласының оркендеуіне белсенді түрде ат салықсан құрлысшы, қала МЭР-інің орынбасары, қалалық аудан басшысы болған қайраткер, бүгінгі таңдағы белгілі қасіппер, Е.Мұқыжановқа арналған өлсендері кіріп отыр. Айтулы азаматтың тугар ауылынша комегі, Магжан Жұмабаевтың өлсендерін орыс тілінде шыгаруға жөрдеміні болған меценаттығын Салыков тілге тиек етеді. Жинақ келісті суреттермен безендірілген.


ББК 84 Каз 7-5

C 4702250202  
00(05)-04

52777

ISBN 9965-738-02-5

© Салыков К., 2004



## ЖАҢА ЗАМАННЫң КЕЙІПКЕРІ

Кәкімбек Салықовтың бұл кітабының оның бұрынғы жыр жинақтарынан елеулі бір айырмашылығы бар. Ақынның жаңа өлеңдерінің кейіпкері – нақты, омірде бар, бүтін өзімізben бірге қызмет етіп жүрген адам. Жаңа заманнның, біздің тәуелсіз еліміздің қаһарманы, еңбек адамы. Бұрын шығарма кейіпкеріл пе жұмысшылар ортасынан, не ауыл еңбеккерлері арасынан таңдаған алып, оны жалпылай көтермелеп, мінсіз етіп суреттеуге өуестік болушы еді. Кәкімбек жаңа заман адамын өзінс кейіпкер етіп ала отырып, оның қарапайым қалпын бұзбай, өсірелемей, өмірдің өзіндей жұпшыны құйде бейнелеуге ұмтылған. Одан біз кейіпкердің бай омірін, еңбек жолын ғана танып қоймай, өскен ортасын, еңбектес достарымен, ағайын-туыстармен (құда-құдағиларына шейін) қарым-қатынасын, отбасын, мінез-құлқын жапжақсы анғара аламыз. Бұл адамды мен де білетін едім. Соңдықтан оған арналған кітапты қызыға қарадым.

Мен ойымен 1993 жылы Солтүстік Қазақстанда Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығы аталып жатқан күндерде таныстым. Сол жердің тұмасы скен. Мағжанмен жерлес қана емес, туыстыры да бар болып шықты. Ұзак жылдар жарық дүниеге шығуын күткен данкты жерлесінің тойына арнаіы келіпті. Алматы қаласының Бостандық (бұрынғы Калинин) ауданында Мұқыжанов Есенгелді деген өкімнің барын сырттай білуши едім. Жаңа танысым – сол болып шықты. Бауырмал, елгезек, қазіргі

чиновниктерге үксамайтын жұмсақ мінезді, сынайы, жаны таза адам сияқты көрінді.

Содан бергі он жылдан астам уақыт ішінде ол менін туган інімдей болып кетті десем де артық емес. Адамды өзіне тартып тұратын, агаға ылтипаты, кішіге қамқорлығы мол бір адамдар болады. Есенгелді – осындай адам. Онымен қалай табысып, туысып кеткенімді мен озім де байқамай қалған сияқтымын.

Есенгелдіні жана заманның адамы десе де болады. Ол бұрынғы әкімшілік, басшылық қызметін ел тәуелсіздік алғып, экономика нарық жүйссіне көшкенен кейін бизнеске ауыстырыды. Қазіргі Қазақстан экономикасында орта және шағын бизнес ұлғайып келеді десек, Есенгелді-сол топтың өкілі. Жаңа жұмыс орнын ашып, елдің қажетіне жараптық іс басқаратын адамдардың бірі. Бұлар, әрине, гайыптан пайда болған жок, өзіміз билетін, қоғамға, елге қызмет етіп жүрген еңбек адамдары ортасынан шықты. Есенгелдінің өмірі де дәуір талabyна ынғайланып, есіп келе жатқан жаңа еңбек адамының тәрбиеленіп шығып жатқанының бір белгісі.

Адам-өзі өскен, тәрбие алған ортандың жемісі Есенгелдінің көрген тәрбиесі де кешегі кеңес кезіндегі балалық, жастық, жігіттік шағының шындығымен тығыз байланысты, ауыл баласы бұла омірді көрген жоқ қайта жетінші сыныпта оқып жүргенде әкесі қайтыс болып, тірері жығылып, тұрмыс тауқыметін тартып өсті. Колхозда қой бакты, тракторға тіркемеші болды. Окуын үзіп алды. Әкесінің оқу-өнер жөнінде көп айтатыны есінс түсkenде, іші қазаңдай қайнайтын еді. Мамандығы, кәсібі жоқ адамының күні қандай болатынына көзі жетті. Ол окууды армандағы әке сөзі есіне түсті. Оны темір жол училищесіне алғып келген де осы күш еді. Онда оқыған екі жылы,

кейін Киров қорғасын зауытында, Куйбышев зауытында істеген жылдары Есенгелдінің омірден өз орын табуга деген үмтұлысты жылдары болды. Ол шын окудың, білімінің күшін сезінді. Орта білімді елбек істей жүріп, сырттан оқып алды.

Алматының политехникалық институтына түсіп, құрылышты мамандығын таңдаған тұста ол шын арманына жеткендей сезінді. Сусап келген біліміне қарсы бас қойды. Институтты үздік оқып бітірді.

“Құрылышты дегенің құрметті мамандық еді ғой ол кезде, — дейді бүгін Есенгелді оқыған, бітіріп сибіск жолын бастаган кезеңдерін еске түсіріп – еңбекке ықыласын, таудай талабын, қажымас жігерің болса, бағынтың жанғаны. Осындағы қасиеттерден мен де құр алақан болмасам керек, қатардағы шеберден Алматы үй құрылыш трестінің басқарушысына дейін көтеріліп, сол қызметте сегіз жыл істедім. Димекеншің кезінде Алматыда талай зәулім ғимараттар бой көтерді. Соларды салысуга қатынастым”.

Әуелде Алматы үй құрылышы тресіне шебер басып орналасқан Есенгелді прораб, бас инженер, құрылыш-монтаж басқармасының бастығы қызметтерін өтей отырып трестің басқармасына шейін өсті. Алған білімінді тәжрибеде іске асыру, қосымша өмірдің өзінен үйрену дегенді ол осы жұмыс үстінде білді. “Жалғыз ағаштың орман болмайтынын”, адамның жұмыстас достарымен тағдырлас та болатынын үқты. Ұжыммен жұмыс істеуді үйрсанді, үйымдастыру қабілетін жетілдірді. Қаланың құрылыш үйімдарын басқарушылардың алдыңғы легінде аты аталаyp жүрді. Талай рет мақтау да естіді. Ол кезде партия, Кеңес қызметіне өндірісте, ауыл шаруашылығында өзін көрсеткен, шынықкан азаматтарды ірікten алатын. Е.Мұқыжановқа осындағы мақсатпен шақыртқан

Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатибысы К.Аухадиев оған: “ауыр салада табжылмастан жақсы еңбек стіл кследі екенсің. Мұның өзі адам мінезінің орнықтылығын аңғартады. Енді кесес қызметін істеп көр” – депті. Ол Алматы қаласының жаңадан үйымдаған Мәскеу ауданына аудандық кенестің төрағасы болып сайланады. Қаланың аэропорт жак қанатындағы жолына асфальт төсөлмеген (аэропортқа баратын жол болмаса), жарығы жок көшелерді қалыпқа келтіру, қалалық жылу жүйссін пайдаланбайтын, қолдан пеш жағатын мектептер мен сауда, басқа көсіп орындарының жұмысын жолға қою мәдениетін көтеру Есенгелдінің мойнына түскен салмақтың женіл емес екенін аңғартты. Осындай ауыр жұмысқа ауданның көсіп орындарын, халқын үйымдастыру оңайға түскен жоқ. Іскер азамат осы қыншилықты біртіндең женіп, жақсы абырайға ис болып онда бес жыл қызмет етті. Содан Калинин ауданына өкім болып ауысты. Бұл-бұрынғы қоғамдық жүйенің ауысын, өкімшіліктің мақсаты мен жұмыс бағдары өзгере бастаған түсі болатын. Осы дәуірдің міндеттерін түсінуде де, меншік түрі өзгерген қоғам талаптарына ыңғайласып жұмыс істеуде де Есенгелді ойлылық, парасаттылық таныта білді. Жаңа аудандағы жұмысы да табыссыз болған жоқ. Сөйтіп Президент өкімшілігіне қызметке ауысты.

Ел астанасы Ақмолага көшкен тұста Есенгелді үйренген, өзінің талай терін төгіп зәуілім ғимараттар салысқан Алматысын қимады. Ол көсіпкерлікпен шұғылдануды қалады. Оған “Сайран” автовокзалын акционерлік қоғамға айналдырыл, басқару ұсынылды. Есенгелді оны ықыласпен қабылдады. Жаңа жұмыс оны бұрын істеп көрмеген көсіптің, бизнестің жолына салды. Оның әдіс-амалын, сеп-қисабын үйренді. Қазір

бұрынғы қалалық автовокзал “Сайранды” іздең барсаңыз, оның орнында осы аттас ҳалықаралық үлкен компания жұмыс істейтінін коресіз. Есенгелдінің қолына тиғенен бері ол адам танымастай өзгерді. Былтыр автовокзалдың ҳалыққа қызмет етуінің 20 жылдығы атап өтілді. Осы күнге арнап компания басшысы вокзал мен оған қатысты объектілерді түгелдей жаңарудан откізді. Оған 3,5 миллион доллар инвестиция құйды. Бұрынғы объектілерді құрделі жөндеуден откізумен қатар бірқатар жаңа нысандар салынды. Алғаш салынғанда автовокзал қасында 80 орындық қопак үй болған еді, ол 180 орынға көбейді, биыл тагы да оның 50 орындық екінші кезегі іске қосылды. Оларда дем алатын жолаушылар мен автобус жүргізушілері женіл ақы төлеу құқын пайдаланады. Мейрамхана кеңейтіліп, құрделі жөндеуден отті. Жаңадан сауда орталығы, бассейн, тамақ дайындау комбинаты салынды. Мәдени қызмет қөрсету саласы ұлгайды. Ең бастысы – бұрынғы жолаушы тасу қызметін әлсіретпей, оны кеңейте отырып, республиканың ішкі қалаларымен, корші елдермен тұрақты байланыс жасайтын транспорттық жүйе қалыптасты. Жұмсақ, жүйрік, ішінде жолаушыға қажет жабдықтары бар автобустар Қытай (Үрімші, Ишин), Ташкент, Бишкек, Шымкент, Қарағанды, Тараз, Талдықорған, Өскемен тагы басқа қалаларға жолаушы тасиды. Жазғы демалыс кезінде Қазақстанның қөркіті жерлері (Қапшағай, Алакол, Кокшетау, Шарын, Алматы төңірегі) мен Ыстық көлге жолаушылар жеткізеді. Астана-Алматы жолы пайдалануға берілгенсін бері осы екі ортада да автобус қатынай бастады. Қазір компания осы жолмен қатынай, Кокшетау, Қызылжар, Павлодар, Семей қалаларына шығып, солар арқылы Ресейдің корші облыстарымен (Омбы, Корған, Томск,

Тюмень, Барнауыл) қатынас орнатуды жоспарлан отыр.

Автовокзал жұмысында, оның күнделікті ыргагында тұрақтылық қалыштасқан. Оnda істейтін адамдар бойында өз міндетін түсіне білу, сыпайлықпен атқару мәдениеті байқалады. Бәрі де қызмет этикасын игерген. Олардың жұмыс орындары да кірсе шыққысыз – жайлы, кең жарық. Диспетчер орталығын көріп, тазалығына, қызмет орыны мәдениетінің жогарлығына таң қаласың. Оның қасында демалыс болмесі, душ орналасқан. “Біздің “Сайранның” түгелдей өзгеріп, тұрмыс мәдениетін игеруімізге оның бас директоры Есенгелді Мұқыжановтың сіңірген еңбегі зор” – дейді автовокзалдың жетекші инженері Людмила Калугина. – “Мен осы вокзал салынғаннан бері істен келемін. Соңғы бес жыл ішінде ол тіпті танымастай бол өзгерді. Басшының көрегендігімен вокзал бүтінгі құнғе ғана емес, келешекке қызмет ететін орынға айналды. Жақсы, іскер, басшы қай үжымға болса да бақыт қой. Сол кісінің үйимдастыруымен автобустар белгілі режимін бұзбай, жұмыс кестесін сактап, қауіп-қатерсіз жұмыс істеп келеді. Бұрын кестемен келіп кету үшақ пен поезда ғанна болса, қазір біз де сол тәртіпке көштік. Автобустың келетін уақытын диспетчерден сұрап алып, кешікпей келіп, жолаушыны күтіп алударынызға болады”.

Вокзалды араласаң, тұтас бір қалашыққа кіргендей сезінесің. Оndaғы барлық жұмыс жолаушылар мен жүргізушилерге қызмет етуге бағытталған. Алыс жолдан келген жүргізуши жайлы қонақ үйгес орналасып, душқа це саунаға түсे алады. Кір киімінді вокзал ішіндегі тазалау орнына өткізесің. Шаштаразға барып, сондағы сауда орындарын жағалайсың. Мейрамхананың кең залы менкафе, асханалар сізді күтіп алады. Шетел

қонактарына қонак үй тиісті құжаттарын тіркеуден откізуғе көмектеседі. Қазір кедендей бақылау да үйымдастырылып жатыр. Автовокзалдың озінің тортін сақшылары бар. Олар территориядагы тыныштықты құзетседі. Жолаушыларды түсірген автобустар жөндеу орындарына барып, колігінің жарамдылығын тексеруге де жағдай жасалған. Рейске шығар алдындағы тексеріс онда әдетке кірген. Машинаны маман механик қарап, оның жолға шыгуына рұқсат береді. Жүргізушілердің рейс алдындағы денсаулығын тексеру де қажетті жұмыстың бірі болып саналады.

Осындағ үлкен істің басында біздің кейіпкеріміз Есенгелді Мұқыжанов отыр. Ол – істің адамы, шебер үйымдастыруши, уәдесіне берік. Оны өз үжымығана емес, бүкіл қала халкы жақсы біледі, сыйлайды. Оның қалалық маслихат депутаты ретінде атқарған қызыметі де қыруар. Республиканың тәуелсіздігіне үлкен үлес қосып, тұтас бір транспорттық жүйені басқарудағы еңбегі үшін ол “Құрмет” орденімен марапатталды. Есенгелдінің қайрымдылығы, жомаритылығы оның халық мұқтаждығына әр қашан үн қосып отырғанынан да көрінеді. Ол өзінің туган жері Қызылжар өніріне жиі барып, ауыл өмірінің көркеюіне көмектеседі. Откен жылы өзі оқыган Булаев ауданындағы ауылдық мектепке 4 компьютер, спорттық жабдықтар сыйлады. Ауыл мектебінің оқушыларына киім-кешек алу үшін ақшалай көмек берді. Қызылжар өніріндегі тойтомалакта Есенгелдісіз отпейді. Сәбит Мұқановтың, Габит Мұсіреповтың, Мактай Сағдисєвтің, Кәкімбек Салықовтың тойлары мен олардың кітаптарын басуға көмектескен спонсорлар тізімінде де ол бірінші бол тұрды. Отан соғысы ардагерлері мен зейнеткерлердің үлкен бір тобын ол жыл сайын газет-журналға жаздырады.

“Адамның бай болып аты шықпайды, ақшаша жинаң  
бакытына жетпейсін, - дейді Есенгелді. Бар болса,  
көмектескенге не жетсін! Мен былтыр өзім оқыған  
мектеп оқушыларына көмегімді жыл сайын беріп  
тұрам деп уәде етіп ем. Биыл солардың үлкен бір  
тобына жазғы демалыс қезінде демалуга жолдама  
жібердім. Қызылжарда салынатын жаңа мешітке  
де комек берем деп едім, бірақ оның салынуы  
созыңқырап кетті. Ол уәдемді де орындаймын.  
Құдайға шүкір, ісіміз бүгінгі күн талабына сай өрге  
басып келеді. Жалпы кәсіпкер болған соң еңбектің  
жемісін татумен катар қоғам мүддесін, ел мұқтажын  
да ұмытпаған жөн. Қалтанды қампитетқанмен, жаң  
дүниен бос болса, ондай тірлік муратқа жеткізбейді.  
“Сүңқар шашып жейді, құзғын астына басып  
жейді” деген де осы болар. Автовокзалды әлі де  
кенейтіп, жұмыс орнын 700-ге дейін жеткізсем  
деген ойым бар”.

Міне, Есенгелдінің ой-өрісі, үғымы, еңбегі  
осындаидай. Осы адамды кітабына кейіпкер етіп, оған  
арнап өлеңдер топтамасын жазған, оның мерей  
тойы тұсында айтылған тілекtes адамдардың  
лебіздерін өлеңге айналдырып, құла-туыстарының  
ой-пікірін қағазға түсірген Кәкімбек ақын еңбегі  
ризалиқ сезім, тудырады. Ол Есенгелдінің ішкі  
дүниесіне үніліп адамдық болмысын ашуға  
тырысады. Ақын кітабына сәт, кейіпкерімізге ұзақ  
өмір тілейміз.

*Серік ҚИРАБАЕВ*

## I-БӨЛІМ

# **ЖҮРЕК СЫРЫ**



## ҚҰТТЫ ӨЛКЕ

Жер патшасы Солтүстік Қазақстан,  
Саған ғашық ұмтылған таң алыстан.  
Кербез Көкше,  
ерке Есіл,  
асау Тобыл,  
Сұлулыққа малишынған жаралыстан.

Ырысты жер тасқыны қалмас тоқтап,  
Данаlardы еске алар талай сокпақ.  
Торғын тогай, ну орман  
бәрі осында,  
Майы қалың, қүйқалы қара топырак.

Қызы-қарағай шақырып  
қыр асып ем,  
Ақ қайындар жайнап түр кіл ашық өң  
Тіл тартады  
уылжып жидек, шие,  
Қытықтайды жусаны, жуасымен.

“Үкілі Үбрай“ тербелткен сексен колім,  
Ақан Біржан жайлаган сенсең белім.  
Сал самырсын, көк шырша, күміс терек,  
Қыз, бозбала секілді өңшең керім.

Қостанайым іргеде арайланды,  
Дана Үбрай білімге сарай салды.  
Сәбит, Фабит сөйлесіп отырғандай,  
Қос өркешті Айыртау қарай қалды.

Ақындарға ежелден даламыз бай,  
Фалымдарға бұл күнде қаламыз бай.

Оқиау өрдे  
Көрінді Жалғызтауым,  
Дара туган Магжан ағамыздай.

Исі райхан саф ауа жұтып қана,  
Жадырайсың самал жел күтіп сана.  
Сай, салалар  
Шоқаниның ізі жатқан,  
Озі дана екен ғой мұхит-дала.

Ахмет пен Мыржақып егіз бе еді,  
Сырбай ағам жартас қой теніздегі.  
Молдақмет,  
Нұрқандар қатар шықты,  
Ақ батасын бергендей Серіз Сері.

Құлагерше құлышындық жасымызда,  
Әнші, ақын  
ерте естік заты қызба  
Евнегій, Мұрат, Манаштар қандай еді,  
Кеше жүрген көш түзеп қасымызда.

Бұл үшкеуін біледі әлем тегі,  
Өмірзақ пен Аманжол мәнерледі.  
Кеңжеғали мұсінші Тәлегенмен,  
Түрлендірді Ермек пен Сәкен сері.

Ата мирас  
Жалғасқан ел арасы,  
Бәрі ортақ өзен, көл, кең даласы.  
Тұтас өлкө Солтүстік Қазақстан,  
Бөле алмайды облыстар шекарасы.

Ауылымыз көршілес қадам басқан,  
Атамекен осында бабам жатқан.  
Данаалардың ығында  
Жаралдым мей,  
Осынау жерге шын гашық махаббаттан.

Дархан аймақ  
Қызығам оміріңе  
Жаңа қарқын ой салды қоціліме.  
Ел Ордасы орныкты Бәйтерегі,  
Абылай хан ту тіккен оціріме.

Жер патшасы Солтүстік Қазақстан,  
Колдерінді қайткан құс санап ұшқан.  
Бесу, Астана!  
Елімнің кіндік төрі,  
Бұйырыпты өзіңс жаралыстан.

2002.

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН МАРАПАТ

(Есенгелді Мұқыжановқа)

Аялбадың тер тогуден Күн дс Тұн,  
Жақсы атқардың елдің парызы, міндеттін.  
Бірақ, міне,  
бұғін-гана көріпсің,  
Отан - ана зор марапат, құрметтін.

Талай жылдар құрлысшы бол төрледің,  
Алғыр қыран - әкімдік те орде едің.  
Баяғыда қашпа сұбек етсең дс,  
Тап осындей орден тагып кормедің.

Алматының “Сайран” көлік кешенін,  
Бастап жұрсің  
- Ол қай інің? - десе кім.  
Құтты болсын “Құрмет” атты орденің,  
Магжан ага жұрагаты Есенім.

Алғырлығың үқсайды сол алыпқа,  
Шын тоселдің кәсіпкерлік қалыпқа.

Үйтқы болған бірлігінс қазактың,  
Есіл ұлы Алатауда шарықта.

Шаттығым мол жыр төгілтсем жосыла,  
Құт орнады думан, тойлы қосыма.  
Ердің ісін елге айғақ еткені,  
Біздің үкімет түзелгені осы да.

20.12.2003.  
Астана.

## ЖАЛҒЫЗТАУ

Секілді тас қияға қонар түлек,  
Ерекшे сені көрсем соғар жүрек.  
Жалғызтау жер бетінде асылымсың,  
Ойлама ұлым қайда жоғалды - деп.

Маңдайың жарқ сткенде ғашығымдай,  
Жан толқып, ән саламын жасырынбай.  
Қараши түйір тастың телмірткениң,  
Жоғалтқан бала күнде асығымдай.

Жер үйік ата-баба сайран-белі,  
Себең коп сүйсем десем қайдан сені.  
Үкілі Ұбырайдың құт мекені,  
Кияға Мағжан құлаш жайған жері.

Көк терек, жасыл қайың, бал қарағай,  
Жәй тұрмас жапырағынан ән тарамай.  
Кокшенің коп тауынан дара тұрсан,  
Оте алмас келбетіне жан қарамай.

Жайнаған айналаңда Жарқын көлі,  
Қазақтың осы емес пе “Гәккулі” елі.

Үндестем “Аққу жеткен” көктемді айтып,  
Сал Біржан, Акан сері сөт тіледі.

Баурында бойға сіңген бай талабың,  
Аулымда бәйтеректей жайқаламын.  
“Жалғыздың жары құдай” — деген сөзді,  
Өзге емес, саған қарап қайталадым.

1991.

### КИТАЛТА ЖАЗЫЛҒАН СӨЗ

Атынан айналайын Есенгслі,  
Мағжанның бір үшқыны есен келді.  
Тұтқасын үлкен істің қолыша алдың,  
Бір тандант ел басқарған көсемдерді.

Құлшынсаң жалын бітіп бүрк етерлік,  
Сөт берсін Алла ауыр жүкке теліп.  
Шыға кел, жана заман қыраны бол,  
Нарықтың бір бұрышын тік көтеріп.

Тәуекел! Уақыт күтсе сынасуды,  
Қарқында алардай бол мың асуды.  
Мөрт мінез, шын жеңіспен  
қуанта бер,  
Ел-жүртты, дос-жараңды, Құләшіліді.

12.10.97 жыл.  
Алматы.

## ЕСЕНГЕЛДІГЕ

Аруагы Мағжан-аға қолдады ма,  
Баурап жүр ерке шабыт толғағы да.  
Қасымда Есіл, Қекшे бір жүргендей,  
Куандым құтты көршім болғанына.

12.10.97 ж.

## АЛПЫСҚА КЕЛГЕН ІНІЛЕРІМЕ

Айтып жүрген  
бей, ағайын, алпысын,  
Бесін емес, ымырт емес, талтұсім.  
Елуімнен айырмасы көп емес,  
Әлі талай арпалысқа бар қүшім.

Алпыс — деген шуақ күзде тың алаң,  
Қыран жасы  
құс ілетін қиядан.  
Сексендердегі агаларды көргенде,  
Өз жасымды айтуга да ұялам.

Есті сұлу  
Корі демес мендейді,  
Көңіл жықпас ақ ииетпен емдейді.  
Пайғамбардың келсемдағы жасына,  
Құдашалар оңашада сенбейді.

Алпыс жаста  
Көрілік күтіп түр - деме,  
Көп өзгөріс сибес өң мен түрге де.  
Пенсионер - дегендердің бәрі де,  
Етегіне намаз оқып жүр - деме.

Талай қызық  
Корер ме едім өл кетсе,  
ұры еместпін алақүйни “бау кеспс”.  
Талай жылдар кездеспеген бір құрбым,  
Жастық шақтың от, жалының салды еске.

Алпыс келсе  
Жасқанамыз біз неге,  
Сұлуларға “күдеріңді үз” — демс.  
Бұл алпысың кәрі де емес, жас та емес,  
Екі ортада әрі-сәрі бірдемс.

Бас ауырса  
баса корме ыңқылға,  
Егделікке жаттықласын ғүрпін да.  
Өз жасынды өзің білмей қаларсың,  
Жарқ еткенде ақ боз үйдің сыртында.

Бір күн бұрыс,  
Жүре салсан бір күн тік,  
Жеңіп кетпесс серілік пен сылқымдық.  
Осыған да зар боларсың  
Сілтеп қал,  
Алпыс — деген ең ақырғы мүмкіндік.

14.09.1997.



## ЕСЕНГЕЛДІ ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Қандай ғажап, болғандығым құрлысшы,  
Айтсандаршы сдан бізде кім күшті.  
Ойран салып Отырарларды өртеген,  
Құрлысшылар ұмыттырды Шыңғысты.

Ұмыт болды “щұбырынды ақ табан“,  
Деңбес елміз құдай есеп сақтаған.  
Көттепенділер отырықшы ел болып,  
Мың, мың қала салғаныма мактанам.

Тер төгілтсем маңдайымнан ұзак қүп,  
Табы кетті коп күрсінген сызаттын.  
Алатаудай атасынан бата алған,  
Астананы Есіл жаққа ұзаттым.

Елестесе алыс таңнан нұрлы шың,  
Толастамас барыстанған тың қүшім.  
Беу, агайын! Құрлысынды түзеп ал,  
Опсыз сенің оқалмайды тұрмысын.

Қайда жүрсөң жасампазға сріндер,  
Асампаздан маган бұрын сеніндер.  
Төр төбседе шенеунікті шертітпей,  
Құрметті орын құрлысшыға беріндер.

15.03.2002.

Алматы.

## АУЫЛДАҒЫ АҚСАҚАЛҒА ЖАУАБЫМ

“Халықтың ханы едіндер әрі малай,  
Ақынның осы күнде халі қалай?”  
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,  
Ал, сейле дегендей бол әрі қарай.

- Кедейдің пана болар қосы кімгс,  
Ақынның халі мүшкіл осы күнде.  
- дедім мен - жыр жинағы жарық көрсе,  
Айналды “қалам ақың тосын үнге.

Ұмытты ақын бүгін басқа сыйды,  
Спонсор іздеуменен бас қасиды.  
Арқалап кітаптарын сатуменен,  
Достарым ел аралап ақша жиды.

Соған да тәубә десс апыл-құпыл,  
Қалтасы қалғандардың бәрі шұқыр.  
Қырандар күн көріп жүр тышқаншылап,  
Әр жерде пайдага мәз кәкір-шүкір.

Орысша көп кітаптар кошін тіреп,  
Тұрганда қан қақсайды есіл жүрек.  
Торсық төс, саба бөксе суреті бар,  
Сұмдықтар жақсы өлеңнен отімдірек. —

Дегенде қарттың буы тарқап қалды,  
Көнетоз сипай берді тар қапталды.  
“Сенгенім сендер болсан” — дегендей бол,  
Қалт етпей басын үнсіз шайқап қалды.

7.04.2004ж.  
Көкшетау.

\* \* \*

Талай жыл сыйлас өскен елес жеңіп,  
Жүреді көз алдында Төлеш келіп.  
Жаратқан сақтағандай ойлап қалам,  
Дұлдулдің ағасы деп мені ескеріп.

Естелік көптен де көп мен көтермек,  
Айта алмас мақтан етсем ел бекер деп.  
Жүргенде басқан ізін өлеңге орал,  
Ойлап па ем бұл жалғаннан тез кетер деп.

Куансам Мәскеу жақтан аман келіп,  
Тас қорған болдың Төлеш маған берік.  
Евней жоқ, Нұрғиса жоқ, Сыrbай да жоқ,  
Көңілге медеу таптым саған сенип.

Құламас көруші едім берік смен,  
Жыл толды қоштасқалы сеніменен.  
Отырмын жаңым алып, мұң тербетіп,  
Жарысып көз жасыммен келіп өлең.

5.06.2002.

## ҚАУДЫРДЫҢ АЙТҚАНЫ

Келіп те қалдық қырыққа,  
үқсаймын көшкен бұлытқа.  
Шөп шауып жүрміз Есенмен,  
Біздерді Алла, ұмытпа.

Үрия біздің қартайды,  
Балалар да марқайды.  
Енді бір жас қызды алсам,  
Тірлікте күмар тарқайды.

Есингелді бауырым,  
Артымда асыл тәүірім.  
Дөкей бол еркін жайласын,  
Алатаудың сауырын.

Оқуға түсер күй берсін,  
Озып та жұрсер мый берсін.  
Ең өуелі, шіркін-ай,  
Ақылды қызға үйленсін.

Соңынан іздел барсам ғой  
Еркелеп асыр салсам ғой.  
Есман ағам сектілді,  
Жеті қатын алсам ғой.

26-10-2000.  
*Қызылжар-Магжан ауылы.*

## САЛЫСТЫРУ

Алпыс — асау жастық шақтың қалдығы,  
Жас, көріге бірдей жүрді жарлығы.  
Көз тастағыш сұлулар да көп еді,  
Алпылғандай жүрек алтын сандығы.

Жетпіс келді. Егделікті әкелді,  
Жеткендеймін мекендеуге жат елді.  
Бұл алпыстай “тал түс“ емес ағайын,  
“Серттен таю“ деген сездім қатерді.

Асыл ару айта қалса “Ата“ — деп,  
Халы, жайымды білді-ау, деймін төтелсі.  
Не де болса бір сұлқыніп алайын,  
Ел тынышта ес кетірмей оте коп.

Кейбір сұлу жетпісімс сенбейді,  
Жас кобейттің пенсия үшін сен дейді.

Ұмыттырып сырқатты да бойдағы,  
Осы қылық дәру болып өмдейді.

Икемім жоқ баяғыдай епті іске,  
Сенімсізден сырға күтиен Ертіске.  
Сенгендерді жақын тарта беремін,  
Осылар да жетер-ау, деп жетпіске.

6.02.2002 жыл.

## ЖҮРЕК СЫРЫ

Артық шішіп, асыра сөйлеп не етемін,  
Уақыт жетсе, мен де сртең отемін.  
Дарқан омір не берсе де өзіне,  
Өленге орап, сыйға тартып кетемін.

Тындырған іс олшемедім коясмін,  
Бітпегені маза бермей келемін.  
Шық тамшыдай гүл бетінде молт еткен,  
Жүрек сырын ел үғар деп сенемін.

Әксем үшін тау мен тасты қопардым,  
Анам айтқан ойлы созден от алдым.  
Талай жылдар Арал үшін айқасқан,  
Беу, туған ел! Мен бауырмал ботаңмын.

Шалғай шепте биқтерге өрледім,  
Бірдей тердім сөз кені мен жер кенін.  
Қайда жұрсем туған елге наз айтып,  
Сағыныштың сазын үзіп көрмедім.

Жезқазгандық кеншілердің бірімін,  
Ақ көңілмін ашық айттар сыры мұн.  
Арманым жоқ қалың үйқы женгенде,  
Естіп жатсам “Жезқазған” дүбірін.

27.01.2004ж.

Жезқазған.

\* \* \*

Күлме қартқа үнсіз, баяу жүрер деп,  
Не бар дейсің оған шалқып күлер көп.  
“Мерседеске” қызықпайды жаяу шал,  
Күдіктенбе сенен жәрдем тілер деп.

Ол сенеді қолындағы барына,  
Кемсінбейді келмей жүрсе бабына.  
Ол жалтақтап, не жаутандап қарамас,  
Сүйенеді сүттей таза арына.

Ішке тұнған мұн көліне тоймайды,  
Ел тағдыры слендетпей қоймайды.  
Өз құлқынын қексемеген адам ғой,  
Үлтым, жұртым не болар деп ойлады.

Бара жатыр терең ойға салынып,  
Күрсінеді кей сүмдүкқа қамығып.  
Сонғы хабар құртты әлсіз діңкесін,  
Тыныш әлем көз алдында қағынып.

Ол жүрген жоқ өткен күнді сағынып,  
Барады ғой бүгінгіге жабығып.  
Немерелер не көрер деп толкиды,  
Өзге сұрақ әу, дем сөтке жабылып.

Сөті түсер өз орны бар әр заттың,  
Мұнын шоюлып келмейді бос таңданғым.  
Шешендердің  
Аз болғандай мұн, шері,  
Бәсіре салды ауыр қуйі Бағдаттың.

Күлме, қартқа жүрген түрін шала үғып,  
Ол барады өз, өзінен тарығып.  
Шошытады мына дүние кескіні,  
Кекірегі кетпесін де жарылып.

01.03.2003.

## САРАНЫң ЕСЕНГЕЛДІГЕ АЙТҚАНЫ

Тамаша гой женгелері Алаштың,  
Ксліп тұрар періштедей санақсың.  
Есенгелді оралғанда қытайдан,  
Тілек айтты бәйбішесі Манаштың:

— Манаш сені шын жүректен сыйлайтын,  
Мадактайтын бұзбайды деп бір қалпын.  
Ардақтайтын жөн білетін асыл деп,  
Не десен де “Ес-ага” — деп тыңдайтын.

“Ес-ага” — деп емес мәнсіп жүргені,  
Ол — ағаңның кісі сыйлай білгені.  
Бәйекең бастап,  
“Ес-ага” — десе бар ағаң,  
Ол — бәрінің саған құрмет үйгені.

Жас болсаң да  
Бас болдың сен халыққа,  
Аттай міндің бүтін асав нарыққа.  
Іске — мығым, сөзге — берік  
қайсарсың,  
Әділет жүтің алып шыгар жарыққа.

Сырқатынды естігенде өкіндім,  
Саулық тілеп,  
Жаратқанға өтіндім.  
Сәт жолығып,  
Қайта туып отырсың,  
Қатарға еріп, сапқа тұрып бекіндін.

Дәрігерлерге  
Мың, мың алғыс айта алам,

Құләшің де болды нағыз майтабан.  
Қалсын кесел әм қондырған Қытайда,  
Таможняға айт:  
Жібермесін қайтадан. —

25.10.2002.  
Алматы.

\* \* \*

Жанымның жарасы көп жазылмаған,  
Берген жоқ өмір өңкей жазын маған.  
Сыр да көп ақтармаған әлі жөндең,  
Теренде асыл кендей қазылмаган.

Көз жасын оңашада көп тогілгсі,  
Жасырып өстім жабық тоқ қоңылмен.  
Әкемді көрмей қалған гүмыр шектім,  
Анам да қызық көрмей өтті өмірден.

Кер заман соктырмаған дауылына,  
Ризамын анамның нар бауырына.  
Мың алғыс сол кісіге арнай берем,  
Заманың жеткізген зор қауымына.

Екі әкем жатыр ата мұксинінде,  
Қос анам Жалғызтаудың етегінде.  
Бар менің бір өнірде екі ауылым,  
Сағыныш жүрмін екі жетегінде.

Барғанда бастарына жай табамын,  
Қаулайды қия бассам қайта жалын.  
Ішімде мәңгі түйген арманым сол,  
Деп келем қалай парыз қайтарамын.

Шүкірлік, намыскермін қуатым бай,  
Құпірлік етпен қайта туатындар.  
Құпия өз сырымды өзім айттым,  
Тас беріш жатқаннан соң уатылмай.

2003.

## **ҚҰДАҒИДЫҢ СӨЗІ**

Құмарың қану үшін биік керек,  
Шапанды жабу үшін иық керек.  
Көнілін ақын-достың котеруге,  
Жез қанат, құміс бауыр киік керек.

Көнілім мың толқыған жааралымың,  
Тап ертең осынау қызық қалады күн.  
Тогайда алаң сүйгіп шуағы мол,  
Ертістің ар жагының маралымын.

Бір корсем баяғыдай жүзім жанар,  
Шаттанам ести қалсам үзім хабар.  
Сағышып ізден барар күндер туса,  
Озептің жағасында ізім қалар.

## **ЕСМАНҒА**

Әл-Фараби секілді лұғаттысың.  
Сокен-аға сияқты сымбаттысың.  
Соғыс корген  
Сұрапыл күндер шеккен,  
Асыл-аға, ерекше қымбаттысың.

## **ЭКСПРОМТ**

Жаныңа жашым үйлессе,  
Дос боларсың тұракты.  
Ақыл мен сезім бірлессе,  
Айтылар сырым қымбатты.  
Төпіңе тоғім үйлессе,

Жүргім жағар шырақты.  
Біле, білсек досым-ау,  
Осы үшеуі құрапты  
Махаббат деген жұмақты.

## F.. FA

Сұлумен кербез кездестім,  
Жүзінің гажап жылуы.  
Көзіңмен көрмей сенбессің,  
Ол - адамзат сұлуы.

Ажары көлде аққудай,  
Алыстан жанаң байлаған.  
Әу, дегенмен жат қылмай,  
Құштарлық оты қайнаған.

Жан жетпес бір өзіне,  
Жалт қараса жылсың.  
Күлім қакқан козіне,  
Көзің түссе құрисың.

Жүректің басар отын кім,  
Бір ауыз соз арнатпай.  
Жиын топта отырдым,  
Пленге түскен солдаттай.

Ішінде туыс бауырдың  
Тигендей маған қагынды.  
Қонағы біздің ауылдың  
Әлеккес салды жанымды

Әдірісін тік айтам,  
Әлде кім мені сөксө де.  
Ашық барып тік қайтар,  
Тұрағы кербез Көкшеде.

Көңілге түскен бұзықты,  
Отырсам сәл-пәл баса алмай.  
Бойбішем де қызықты,  
Екеуелеп алып қашардай.

Ішпей, жемсей жүдэ мас.  
Оралдым жап, жас шағыма.  
Сағыншақ жаным шыдамас,  
Бір көргенше тагы да.

27.06.2004.  
*Үкілі Ылбрай ауылы.*

## ҚАЗАҚТАР КІМДІ СЫЙЛАҒАН

Қазақ қызық, халық  
Мінезін болсақ миляған.  
“сыйға-сый, сыраға-балын” тыймаған.  
Келіспей кетсе келінімен өз ұлы,  
“Мың жылдық” - деп  
Құдасын қатты сыйлаған.

Бір атым насыбайдан  
Конқілі қалып қираған.  
Окпеге қиса,  
Олімге өсте қимаған.  
Сескенбес оқттан  
Сеніскең тату дос үшін,  
Махамбеттер Исадайлықты сыйлаған.

Үлскениң жолын  
Кескестеп кіші қимаған,  
Шабыста атты,  
Намыста ерді қинаған.  
Сақалын сатпай көп көргенге жүтінсе,  
Мәлімі бардың  
Тәлімі мол деп түй, балам.

Мейманды күтпесу  
ар-ұжданга сыймаган,  
Ең асыл дәмін  
Қонағым бар деп жинаған.  
Қимас досы тұтқыны келіп қалғаңда,  
Жалғыз атын сойып тастап сыйлаған.

Сепшіл келер  
Шаруаңа да қираған,  
Алумен емес  
берумен жаңы шираған.  
Мал-жаның аман ба десе,  
Болмыстың бабын сыйлаған.  
Малдан бастап  
Есендессе иланам.  
Малсыз өмірі  
Жасай берді қиralаң.  
Кен қопарып,  
Егін салсақ біз бүгін  
Тірлігіме сән кірді деп үйгарам.

Кен жайлауда  
Тогілсе құтты нұр маган,  
Тілімді сақтап,  
Дәстүрді заңдай сыйлағам.  
Осының бәрін  
артында қалған үрпағың,  
Ардақтан, жалғап отер-ау деп біл бабам.



## **ЕСЕНГЕЛДІНІҢ ОҢДАСЫНҒА АЙТҚАНЫ**

Оңдасын бұл заманың “дүрі” болсын,  
Кокірегіне ғалымдық нұры толсын.  
Мұсылман ғой  
Христос бол демеймін,  
Озінің әкесіндегі “ірі” болсын.

Бәйкен ағам сектіді мықты болсын,  
Көлігі қашан корсек жүкті болсын.  
Оңдасын, үлкен өулест түлгісін,  
Зор қия 50-белес құтты болсын.

Боташың қасындағы ақ алмашың,  
Ұл, қызың қолда меруерт ақ алмасың.  
Өмірдің өз жолында тарланы бол,  
Адал тер келтірмейді адамға сын.

Елімнің сен де өргек қыранысың,  
Айтпаймын бос марапат үран үшін.  
Ата, анаң көп жасайды  
Оңдасын-ау,  
Солардың біз көбсітсек қуанышын.

\* \* \*

Жігіттің назы бітпес сырласымен,  
Кызының сан сүлуга тілді ашып ем.  
Әзілдеп, әнтек бассаң бүлдіресің,  
Контерлі болған женер үргашымен.

Байқасаң тілдің ашы у-ы да бар,  
Балқытар, балбыратар буы да бар.  
Әйелдің құдай берген сиқыры көп,  
Салмай-ақ жүген, құрық буыл алар.

Көңілдің көзден білер құптілігін,  
Нәзік жан қас, қабақтан үктық үнін.  
Аялап ақ білеклен матап алса,  
Тұғаны тіршілікте құтты күнің.

Тапқанда ауыр дерптің асыл емін,  
Жайланаң асау көңіл басып демін.  
Сарқылмас рахат, ләzzат жанартаяуы,  
Сұлуға көз жұмғанша бас исемін.



## II - БОЛІМ

# АСЫЛ БЕЛЕС – 60 ЖАС



## ТОЙ БАСТАУ

Кәкімбек САЛЫКОВ

Есепгелді кім? — десең біле білмей,  
Ол — қайсар жан жолбарыс іргегіндей.  
Заты асыл нар түйе үлсегіндей,  
Арманы асқақ Алатау сілеміндей.  
Көнілі дархап Сексен көл лебіңдең,  
Кокіреті алаң қалмайтын гүл егілмей.  
Жұзі жайсаң Ақ Жайық түбегіндей,  
Жаны мырза Сыр мен шу легіндей.  
Қиялыш зор Мағжанлы аңсан туған,  
Тірліктең ең берік тірегіндей.  
Қазақ - десе қалт етпей болар құрбаң,  
Жүрек қайда?  
Есениң жүргегіндей!!

Шындықты айтпай акының жыры - тынбас,  
Мекеш және Бақытжан тыңда, сырлაс.  
Мағжан жырын орысша сөйлестуге,  
Қолқабысы Есеннің ұмытылғас.

Қызылжардың ар жағы қалың бауыр.  
Жәрдем күтер жоқ емес жарлы қауым.  
Ата жұртқа Есендей сенгесе алсақ,  
Тез көркейсер сіді ғой барлық ауыл.

Білмегендер дең қойып танысын сыр,  
Копшіл, сеншіл етемін намысын жыр.  
Қай қазаққа, қай жерде  
Сен берем дең,  
Ермегисев екеуі жарысып жүр.

Алпыс жасқа сол асау Есен келді.  
Тайбурылдай көрсетті тоселгенді.

Тұлкі болса бұл заман шалып түсіп,  
Қанжығаға нарықты тез өнгерді.  
Жүйрік көлік тармагы өрнектеліп,  
“Сайраны” мен тез кесті елді сңсеріп.  
Ақ сұнкар гой,  
Алматы қанат берген,  
Осал болса бұл тойга келмес те едік.

Келді тұrap тарландар іріктеуге,  
Ел абызы Бәйкен бар биік төрде.  
Құтты болсын 60-жас Есенгелді.  
Мерей тойың жалғаған ғұрыпты елдс.  
Мирас болсын алдында ұл, қызына,  
Немерслер жыр етсін шын қызыға.  
Алғыс айтам балтаган јакыт құсын,  
Жапы бірге Құләштай жүлдзызыңа.

Ессингелді, қуантсаң бүгін слді,  
Егеделіктің ең тұнғыш күні келді.  
“Қайран жастық” - дастардай қызығамын  
Алпыстагы көргенде інілерді.

Ел сенімін әлі де шын ақтайсын,  
Өңің жал, жас,  
Бесті асая құр аттайсын.  
60-деген жас та емес, кәрі дс емес,  
Екі жақты тең жайлап шуақтайсың.

Агаларга жүресің іні болып,  
Інілерге кетесің “ірі болып“.  
Ел көзіне сен енді көрінесің,  
Мықтылардың ұлғайған бірі болып.

Алып қашып әкетер сссім селі,  
Кісінеік өтті өмір елудегі.  
Енді ақыл бастайды өр қадамды,  
“Ес-ага“ — деп атайды елің сені.

Осынау күнді құтті ауыл, қутті көршің,  
Бақыт құсы, иншалла, мықты консын.  
“Ес-ара” - деп атаемыз бәріміз де,  
Зор атағың Ес-ара құтты болсын.

Бсу, меймандар!  
Сіздерге ой тастайық;  
Дастарханға жұмыла ойқастайық.  
Осынау тойда қызыбаған жаң қалмасын,  
Баршаңызға мың ракмет! Той бастайық!

30.04.2004.

Алматы

### АСАБА:

Той төрінде отыр ұлкен ағамыз,  
Ақсақалдар қолбасшысы дарамыз.  
Ол бүгінгі барша казак ұлкені,  
Ұлксандерді силау салт пен санамыз.  
Ол - Әшімов Бәйкен-ага салмақты,  
Ел абызын тағдыр бізге таңдатты.  
Той үстінде  
Ең алғашқы сөз бастау,  
Құтты жолын бердік достар ардакты.

### БӘЙКЕН ӘШІМОВ:

Зиялыш қауым, ағайын,  
Отырган достар жүйелі,  
Есенге төккен арайың,  
Қасиетті және киелі.  
Ақсақал болып сөз бастап,  
Ағытсам ойдан есепті үн,  
Сүйсіндім көптен көз тастап,  
Танытса атын Ессеңім.

Арқалы ақын Көкімбек,  
Тойды ашып бізді тебірентті.  
Есениң ескеи батыл бол,  
Өмірін көзге өрлетті.  
Не десек те орынды,  
Есенге жасап марапат,  
Бойына бәрі қонымды  
Ол біздің нағыз қазанат.

Күләшиен құрган шаңырак,  
Шалқып тұр өulet көші аман.  
Қорқытып едің азырақ,  
Енді ауырма Ес-агам.  
Жігіттің өжет орттіci,  
Сыр айсам бүтін реті кеп,  
Болса да жасы көп кіші,  
Ес-ага дед кетіп ек.

Бақытқа бастап өр адым,  
Өркенің өссін өмірде.  
Жасымды берсін қарағым,  
Аз ғой деп алма коңылғе.  
Келесің самғап қиядан,  
Уақытпен үшқыр қарқындас.  
Апарар алға дін аман,  
Құтты болсын алпыс жас!

Дәстүрлі салтты елімде,  
Тойышда жалғап қалайын.  
Женешең қамзол келінгे,  
Мен саған шапан жабайын.

## **АСАБА:**

Кеңестерге кеңес берген Кеңес бар,  
Тарих өткен талай қылыш белсес бар.  
Қай заманда ел жақсысын силаған.  
Пиғылымыз беу, қазағым емес тар.

Ол — ғажайып шын азамат смес пе?  
Кім сыйламас арыстармен тең оссе.  
Алатаудың бір шыңындаі өр тұлға,  
Сөз береміз Аухадиев Кеңеске.

## **КЕҢЕС АУХАДИЕВ:**

Сүйер ұлың болса сүй дең,  
Дана қазақ айтқандай.  
Соз тәгемін іргек, түйдек,  
Есен десе жасқанбай.  
Талай жылдар бірге осіп,  
Тұлғаңды Есен көп көрдім.  
Ел, жүртпен берік бірлесіп,  
Ерліктің жүтіп өткердің.

Қайратыңа сүйсінем,  
Қайыспас қайсар жанпозым.  
Қалың топ тарлан ішінен,  
Құлагер болыш алға оздың.  
Мінезінді ұнатам,  
Талпынған кең жүрекпен.  
Кем көрген жоқ Алатау,  
Баурында туған түлектен.

Мағжанға тартқан Есілдің,  
Болсанда асыл ұланы.

Атанаң еркін косілдің,  
Алатаудың қыраны.  
Парызың елге өтелген,  
Ала бер айтқан алғысын.  
Бірліктің туын котерген,  
Құтты болсын алпысын.

### АСАБА:

Есенгелді үстазым деп сыйлаған,  
Ортамызда отыр асыл нұрлы адам.  
Ел басқарған ірі кісі айтарын,  
Жөн болады беу, ағайын тындаған.

Соз береміз ұлы көште ұзатпай,  
Ол биік қой қозден кетпес құзарттай.  
Қарсы алындар  
ағайып жұрт, жамағат!  
Алдарында Қараманов Ұзақбай.

### ҰЗАҚБАЙ ҚАРАМАНОВ:

Мен Есенді талай жылдан білемін,  
Жүрді айқаста түріп тастанап білегін.  
Жүргегі оның жүлдегер бол жаралған,  
Жақсы адамның берді Алла тілегін.

Жіргі болып корді талай құресті.  
Бірге жүріп сан жорықта лесті.  
Есептеді нағыз ерен құрлысшы,  
Ел мақтады ол басқарған тресті.

Болды біздің бірге жүрген жол құтты,  
Жүре, жүре жас түлпарға қоң бітті.

Ел басқарған асыл болса ол кеше,  
Нарыққа да күш қосып жұр орнықты.

Есенгелді — тұлкі заман қыраны,  
ұлттың ісін жақтар жерде тұрады.  
Ірі тұлға, көпшіл, сепшіл азамат,  
Сондай болсын қазақтың шын ұланы.

Куанышқа ақ тілегім қосылсын,  
Беу, Есенім! Думан тойың жосылсын.  
60-жасың құтты болсын! Жұзге жет!  
Ірі інім, әрі ардақты досымсың.

### АСАБА:

Дұрыс болмас тежеткен,  
Сәт келді думан құп алар:  
Сөз сөйлейді кезекпен,  
Омбыдан келген құдалар.

Құдағилар сәнді екен,  
Шаршаса да жол согып.  
Көп сөйлемей құр бекер,  
Қол согайық қарсы алып.

### ЖҰМАБИКЕ СӘДУҚЫЗЫ СҮЙІНДІКОВА:

Төңкерліп дүние кезегімен,  
Төлеубегім көш құрды өз елінен.  
Есенгелді, Құләшпен құда болған,  
Куанышты мың жылдық сеземін мен.

Омбыдағы қазақтар тойға келдік,  
Сайдан қарғып, асығыс ойда желдік.

Көкімбектей ақынмен бірге отырмыз,  
Қандай жақсы тигені бойга теңдік.

Мәпелесем қолдағы елігімді,  
Оз қызыымдай күтемін келінімді.  
Беу құдалар! Думан той дүркіресін,  
Еске алардай баяғы сері күнді.

Маңдайыма жел тимес батыл жаным,  
Таңдайыма сан қызық татынамын.  
Құтты болсын 60-жас Есен құда,  
Той жалғаута Омбыға шакырамын.

### АСАБА:

Сыйласы бар қазақтың қимасы бар,  
Бірге оскен ежелден сырласы бар.  
Ал бәрінен тентектеу,  
алабұлік,  
Ер жігіттің тайталас құрдасы бар.

Ол да досқа ақ міндет сеніп отыр,  
Қылық осы беу достар көніл тоқыр:  
Әбдіраман да 60-қа бүгін келген,  
Құрдасының тойына келіп отыр.

Басқа парыз ешқандай көздемейік,  
Сыйына сый біздағы өзгерейік.  
60-жас пен құттықтал Үбдіраманды,  
Ал, өзіне арнайы сөз берейік.

## ӘБДІРАМАН:

Есениң көптен білем тәнтектігін,  
Текті гой бұл тойына келсек бүтін.  
Құрдаспыш арамызда бес-ақ күн бар,  
Бәрі ортақ Алатаудың терсек гүлін.

Асаба айтып қойды бар сырымды,  
Бой жазып көрсетейін сан қырымды.  
Есеннен мықтырақпын осы құнде,  
Көсілтем шырқап толғап ән-жырымды.

Осылай көптен бері тасымап ем,  
Кіріп тұр жүрекке өрт, басыма жел.  
Кәкене құдагиды тапсырамын,  
Омбылық жас құдаша қасыма кел!

Жетеді мың бір тұнге жұз бір әнім,  
Бұл тойды мен ерекше қыздырамын.  
Құдаша, балқытамын биге салып,  
Есениң тастап алтып жұз грамын.

Біз елміз әуел бастаң құда силар,  
Бәрі сал, бәрі сері мына, қулар.  
Қайдасың қарындастар, қыздырышыңдар!  
Күйеуін қызганардай құдагилар.

Қосылсын сәтті әуені әніміздің,  
Жалғассын отты лебі жанымыздың.  
Бұл тойды еренғайып сәнді етейік,  
Дүбірі есте қалар бәріміздің.

Өсіп см Есен талай тартысынмен,  
Байқадым шырқау шакты тал-түсінмен.  
Нешауа, жұзғе шейін тебісс бер,  
Әзірше құттықтаймын алпысынмен.

## **АСАБА:**

Кос құрлысының сөз алады  
Кос тарлан.  
Олар бастап талай үздік көмпіті алған.  
Қай қияда жүрседағы құрметтеп,  
Ессеңгелді айрылмайды достардан.

Көрінгендей қан сонарда қос аңшы,  
Не болмаса қосылардай қос әниші.  
Сөз алады Ежиков - Бабаханов досымен  
Ермекеев Амангелді “Отаншыл“.

## **ЕРМЕГЯЕЕВ АМАНГЕЛДІ:**

Көп айттылды жетістігі досымның,  
Қайталамай ақ тілекпен қосылдым.  
Бар қазакқа бірдей болған бауырмал.,  
“Отан” үшін қажет Есен осы үлгің.

Ар, үтттан жаралып ең намыспен,  
Бірдей көрдің жақыныңды алыспен.  
Еңбегіміз жаңаар біздің ел үшін,  
Өтейікші ел сүйгіштік жарыспен.

Ер азамат оз үлтіның қорғаны,  
Сол бағытта Есен салған жол қамы.  
Ол құрлысының, әйгілі әкім, көсіпкер,  
Бүгін ғажал саясаткер болғаны.

Тойда естілсе таңғажайып жарқын өн,  
Үзамаспын мен де дәстүр шартынан.  
Құттықтаймын 60-ың мен Ес-ага,  
Ел тірері — “Отандастар атынан”.

## ЕВГЕНИЙ ГЕОРГИЙҰЛЫ ЕЖИКОВ - БАБАХАНОВ:

Мүмкін емес жақсы көрмеу Есендей,  
Ел алдында терлең жүріп төседі.  
Мұқыжанов Алматының тұлегі,  
Жасап берген талай сұлу көшемді.

Есен жайлы естімеген тосын үн,  
Мен ежелден сыйлас, сырлас досымын.  
Күлөш-ханым мәпелеген үл, қызын,  
Қашан барсан іші құтты косының.

Достары да ғажабы ғой ғажалтың,  
Келіп тұрар ақ жарылып наз артқың.  
Есенгелді Мұқыжанов беу достар,  
Мақтан етер үлі бүкіл қазақтың.

Келсін мейлі бір күнінде мың кісі,  
Есен төрі - меймандастық үлгісі.  
Қай арысқа салсандағы қажымас,  
Тау суындаі сарқылмайды тың күші.

Ол шырқаса елдегі бар жаңа әнді,  
Толқытады жүрегі тас адамды. ~  
Құттықтаймын алышынмен Есен дос,  
Асыл тұлға көрікті еткен заманды.

## **АСАБА:**

Зілгараның шөбересі екенін,  
Занғар бойы анандайдан айтады.  
Шын сүйетін асая іні Есенін,  
Бар ықласын халық көптен байқады.

Шалқи берсін тойлы думан кемеміз,  
Аңыз болып есте қалсын тасқыны.  
Сағдиеv Махтайға сез береміз,  
Ақсақалдар Кеңесінің бастығы.

## **МАХТАЙ САҒДИЕВ:**

Есенім менің нар тұлға,  
Тіретім берік артымда.  
Қандай заман келсе де,  
Шыдайды ол қызу қарқынға.

Есенім менің ер жігіт,  
Кең шалқыған тең жүріп.  
Қазактың срен асылы,  
Есімін сыйлар ел біліп.

Айтулы тұлға ол бүтін,  
Көрсөтті талай өрлігін.  
Үлкен алғыс деп білем  
Елбасы таққан орденін.

Көршілес жатыр ауылым,  
Бір кештік талай дәүірін.  
Құтты болсын алпыс жас,  
Жүзге жет асыл бауырым!

III-БӨЛІМ

## ОМБЫIFA САПАР



## АУЫЛ РОМАНСЫ

Бал дәүрөн белгісіндей ел шетінде,  
Қызықсың қиял жетпес жер бетінде.  
Ей, қалқа! Бір көруді аңсан келем,  
Жастық шақ қалған шығар келбетінде.

Көп ізі бар Қамсақтының жағасында,  
Сағынып іздеп кейде баrasың ба?  
Сен маган елестейсің ақ қайынданай,  
Көзімің қалған мәңгі шарасында.

Сүйсінтсс слідің дала, орманы да,  
Тоқсан ой тебірентеді толғағы да.  
Ішіпде көп ағайын жақсы екен ғой,  
Сыр шашпас қимас тату болғаны да.

Жері жоқ балғын шақтың ерсі болған,  
Біз смес, ата-апамыз қоңсы қонған.  
Көргенде ауыл шетін шыдау киын,  
Көңілді қобалжытпай болшы қорған.

Көз көрген хикаяны сртек етші,  
Көп сырды ақын үшін шерте кетші.  
Оралсын аз уақытқа ләzzат, рахат,  
Сен мені баяғыдай еркелетші.

26.06.2004.  
*Үкілі Ыбраій ауылы.*

## ОМБЫДАН КЕЛГЕН ҚҰДАФИ

(Жұмабике Сәдуқызына)

Ақбидай өні әдемі,  
Ақ маңдай ғажап мәнері.  
Алыста өскен ақ марқа,  
Не деген көркем жан еді?!

Сыраға бал, сыйға сый,  
Туды ғой мезет жұмаги.  
Жанары жайнап қарсы алды,  
Омбыдан келген құдағи.

Ұзарап шалқып жылдай күн,  
Бір көрсөң кетер мың қайғың.  
Немерелерін көрсем де,  
Қартайды деуте қимаймын.

Жүректің болғай жарлығы,  
Жүзінен тамған жан нұры.  
Жастардан да артықтау,  
Мүшесі мен салдығы.

Көл, көсір сезім селдеді,  
Көк дөнен - көңіл желдеді.  
Ақ дидары аумайды,  
Бір қыздан біздің елдегі.

Қыз қалпы қалған бұзылмай,  
Тұлғасы хордың қызындай.  
Ақ балтыры жарқ етсе,  
Шыдамас көңіл бұзылмай.

Ән салса нәзік ыргагы,  
Лебізі жантa гүлдөрі.



Күршыс - тресінің басқарушысы кезінде. Каланың су күбырының басында Д.А.Конаев, Б.Әшімов. 1980



Президент аппаратыныңды қызметтегі кезі. 9 мамыр, 1995 жыл. Алматы



Ел ағасы Байкен Әшімовпен.



Қоғам қайраткері К.Аухадиев және Кербез жеңгеймен.



Озі қызмет аткарган “Алматықұрлыс” компаниясы үжымында, өріптестерімен.



Мағжан Жұмабаев ескерткіші алдында К.Салықовпен.



Омбы қаласында Шоқан ескерткішінде.



“Құрмет” орденін Президент атынан қала әкімі  
В.В.Храпунов марапаттауда.



Орден алғанда ақсақалдар арасында.  
Солдан онға Б.Тұрсынбаев, А.Қошанов, С.Кенжебаев,  
С.Кирабаев, Б.Әшімов, С.Нұрмағамбетов, Ә.Бейсенова.




Жәнібек Кәрменовпен. Алматы. Жаңа жыл.



Досы Нұрлан Сейітжапаровпен.



Аға - жәңгелермен.



Агасы А.Әшімовпен бильярд үстінде.



Күршылыстағы ұстазы Ұзақбай Қараманов және Үлдай  
женгеймен.



Ағасы Есмұхамбет және күда-күдағилармен.



Солдан онға О.Есенгазиев, Е.Шайхутдинов, Х.Біржанов,  
А.Қошанов, К.Салықов, Ф.Есмұханов, К.Сагадиев.



Достарының арасында.

Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасарлары  
К.Букенов, Я.Заяц, Әуезов ауданының әкімі В.Устюгов,  
парламент депутаты Ж.Төрекелдинов жүбайларымен.



“Сайран” үжымы гимаратының ашылу салтанаты, қала  
әкімінің бірінші орынбасары Я.Заяц.



“Сайран” үжымының жаңа гимараты.



“Сайран” ұжымының арасында.



А.Д.Ермегияев, Т.К.Симамбаев, О.Б.Әшімов,  
Е.И.Нұрақаев, А.А.Әбілқайыровтармен М.Қозыбаев  
атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік  
университетінде.



Кәкімбек Салықов, Мәриям женгей және досы  
Тілектеспен.



Қос Халық Қаһарманымен: Сағадат Нұрмагамбетов,  
Байкен Әшімов.



Түркия. Анкарадағы Абай ескерткіші ашылған сәтте. Елші  
Б.Тұрсынбаевпен.



Пекин. 2002 жыл. Қыркүйек.  
Ауыр операциядан кейін қытай дәрігерлерімен.



Ақ Үйде. 1995 ж.



Түркістан Қожа Ахмет Яссави кесенесінде досы  
К. Қалиевпен



Манғыстаудағы Бекет Ата басында досы А. Өрбессіновпен.



Балташ, Күлөш Тұрсынбаевтар және Едігे Жұнісбековпен.



Достары Амангелді, Ибрағим және ардагер Орынгали аксақалмен.



Республика  
коммунистерінің  
XVI съезіндегі  
делегаттармен.  
Солдан онға:  
Я.Заяц,  
Б.Жолжанов,  
Е.Ежиков -  
Бабаханов,  
Н.Х.Бижанов.



Қазақстан Компартиясының XVI съезінде достарымен.  
А.Самратов, М.Бектембаев, А.Мухашов.



Қазақстан Компартиясының XVI съезінде.  
В.А.Кожевников, М.П.Дайров, Қ.Х.Төлебеков  
Ю.К.Красиков.



XXVII Алматы облыстық партия конференциясында қала  
құрылышшыларымен.



Жана аланда Москва аудандық атқару комитетінің төрағасы кезінде. 1987 ж.



Алматы қаласы және аудандарының басшылары. 1988 ж.



Қазактың Политехникалық институты тұлектерінің 10 жылдығында. 1979 жыл.



Студенттік достармен. 2004 жыл.



“Құрмет” орденімен марапатталғандар.  
Жарбосынов атындағы урология институтының директоры  
М.Алшынбаев, Қазақ мемлекеттік медицина  
университетінің ректоры Т.А.Муминов.



Сыйлас досы М. Дайырбекұлымен.



Тұған жер төсінде. Байшілік ауылы.  
Тұған-түйсқандар арасында.





Мактай  
Сағдиев,  
Кенжеғали  
Сағадиев  
агаларымен.



Белгілі ақын Бақытжан Қанапияновтың отбасымен.



Б.Әшімовтың жеке кітапханасында.  
Солдан онға М.Сағдиев, А.Ермегіев, К.Салықов,  
М.Нуриев, М.Кенжеғозин.



Жекжаттар арасында.



Әке зиратының басында.



Анасы Бибіғаныммен



Қайын жұрттагы туыстарда.



Жұбайы Құләшпен.  
1968 жыл.




З.Нүрқаділов, М.Дайыров, К.Көпешов жұбайларымен.



Ұлы Қайыржан, қызы Шынара.  
Жаңа жылды қарсы алу сәті. 1975 жыл.



Шымбұлақ, шатқалында.



Ұлы  
Қайыржан,  
қызы  
Шынармен  
Кокшетауда.



Тұңғыш  
немересі  
Аруамен.



Немерелерімен.



Немерелерімен.

Үніңе балқып мастансам,  
Алатау елтіп тындағы.

Домбыра қолда жедетем,  
Үн, жырды ағын селдетең.  
Қызара бөргіп отыр-ау,  
Қызыңде қандай болды екен?

30.04.2004.  
Алматы.

## АУЫЛДАҒЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Мақтан етсе қазағым өсер ұлын,  
Ақ жолына жауқазын төсер гүлін.  
Нақ осындай,  
Жас тарлан асау еді-ау,  
Келіп қалған алпысқа Есен інім.

Өскен орта құт келді үясына,  
Есіл-Көкше күш берді құласына.  
Мажжан-ага інісі  
Жас Құлагер,  
Жүйткіп шықты Алатау қиясына.

Жалын атқан  
Бір кездे құрлысшы еді.  
Тұлпарынан құс қанат бір түспеді.  
Ала құйын азamat тыным таппас,  
Қамшы тимес қазанат шын күшті еді.

Құлагың сал,  
Байтақ ел - қыран далам,  
Қолпаштауга Есендей тұрар балаң.  
Ол бүгін зор көсіпкер, саясаткер,  
Тәуелсіздік талабын үрандаған.

Толық айтам ағайын келсе мұрша,  
Ток етері сол деймін қоңл тынса.  
Алуға емес  
Беруге жаратылған,  
Ақан сері секілді қолы мырза.

Ол ән салса  
қалың ел қарсы алады,  
Ол жарқ етсе - сұлулар тамсанады.  
Қайда жүрсө алдында шам шырағы,  
Күлім қағып Құләпі қарсы алады.

Жыту қайда Құләштің жылуындай,  
Қызығы мол бір күні бір жынындай.  
Шаңыраққа құт болған келін ғажап;  
Алматының ең супер сұлуындай.

Нұрын төксө Есеннің жылы жүзі,  
Арқау болар артында қызық ізі.  
Немерелер жүгіріп жүр, шапқылап,  
ұрпақ жалғар тамаша ұлы, қызы.

Құдай берер әр күні ұзарғанға,  
Жаксы бауырын жеткізер жүз арманға.  
Есенгелді, Мекешпен жүк көтерген,  
Мағжан жырын орысша шыгарғанда.

Ол басқарған айтпаймын “Сайранын да”,  
Ол өткерген паш етпен майрамын да.  
Мағжан-ага секілді  
Мінезі мәрт,  
Тұлқі заман кетпейтін айдауында.

Есен тапса ауылмен жарасымын,  
Ол ең жақын Байшілік, жаны анырын.  
Мениң де ауылым бұл жерден алыс емес,  
Жүргегіміз бір соққан ағасымын.

Жайлау-көңіл сыйратсам тотыларын,  
Елді ойлағыш жанымның тоты қалың.  
Жақсы құннің бастауын көргім келді,  
Ауылдағы тойға кеп отырғаным.

Кордім осынау тірлікте талай іні,  
Мақтан етіп көргем жоқ жабайыны.  
Алпыстағы ак сұнкар елге келді,  
Құтты болсың қуаныш ағайыны!

27.06.2004ж.  
*Мағжан ауданы  
Байшілік ауылы*

## БАЙШІЛІКТЕ

Аплақ үйлер тігіліпті аланда,  
Бөрі осында,  
Ауылың да, қалаң да.  
“Отан” туы, “Отан” үні шалқып тұр,  
Осы екен ғой лайық тойы заманға.

Талай шешен ұшырғандай жан құсын,  
Арнап жатыр сөздің сара нөрлісін.  
Осы ауылға жәрдем еткен Есенге,  
Жерлестері төкті мың, мың алғысын.

Көп өжелер өні шықты аспанга.  
Костап кетті кекселер де, жастар да.  
Мағжан елі екенине қуандым.  
“Бөрінен де сен сұлуға” басқанда.

Жан толқытты жас талантқа нұрлы үміт,  
Күмбір қакты домбыралар дүрлігіп.  
Сегіз Сері атамызды еске алдық,  
“Гаянартасты” шырқаганда бір жігіт.

Кез болыптыз  
Шын айтулы шат күнге,  
Балқып кеттім жастай құмар тәтті үнгс.  
Үкілі бабам елестеді құс салған,  
Бір қарындаас салған кездे “Гәккүгс”.

Сарыарқаның бой жазғандай нұр таңы,  
Үн биледі орман, тогай, қырқаны.  
Агаларын силағаны-ау жастардың,  
Кербез жігіт “Жезқиікті” шырқады.

Шөлім қанды туган елдің өніне,  
Дәстүрлі өүен ел сүйсінді нәріне.  
Қолдан келген жақсылығым сол болды,  
Бір, бір кітап сыйға тарттым бәріне.

26.06.2004.

## АМАНТАЙДЫҢ КІШІ ӘКІМГЕ АҚЫЛЫ

Ақылың жетсе  
Дау-намайдан аулақ бол,  
Қостама ру-жыруды.  
Сен одан да  
Жастық та бол, жарғақ бол,  
Ардақта жастау сұлуды.

Дүние жалған...  
Бар қызығын көріп қал.  
Шыгар жақсы атынды.  
Жас әкімсің,  
Әй, не керек, өліп тал,  
Ардақта асыл ақынды.

Мыңды талып,  
Бірдің анық атын біл,  
Абайла алды-артыңды.  
Есендей тентек  
Нагыз еркек затын біл,  
Айырсаң жезден алтынды.

Кеше ғана  
Біз оринатқап тұнықғы,  
Құртып алмай талқанда.  
Есінде болсын:  
Сүлтеме маган құрықты  
Құр емес менің қалтам да.

## АМАНТАЙДЫҢ МАҒАН АЙТҚАН АҚЫЛЫ

Ақын аға,  
Дәметкенге кітабыңды силасаң,  
“Құрметті” деу аз болар.  
“Алтын келін” — деп азырақ қупідасаң,  
Еркем менің мәз болар.

Ондей сөзді  
Келінің қалай елемес,  
Сырын біліп,  
ішкі ойын дәл пішем:  
Сіз мақтаған  
“Супер” қыздан кем емес,  
Менің сұлу бәйбішем.

26.06.2004.

## ЕСІЛДЕГІ АҒАМЫЗ

Есман-аға, ел алдында мол ісің,  
Әр қашанда ардақтаймыз сол үшін.  
Есейгенде Есілді өрлеп келіпсің,  
Қызылжарда құтты болсын қонысын.

Қан майданда өжеті едің солдаттың,  
Одан кейін еңбек көшін жалғаттың.  
83-те жаңа үйінде дәмдес бол,  
Біздерге айтып талай шерді тарқаттың.

Қол босамай,  
Сирек келсек елге біз,  
Жол да шалғай,  
Талай құндік жердеміз.  
Қайырын берсін,  
Өзіңізді көрмел ем,  
Кез жұмғалы Қапиза атты жеңгеміз.

Аштықты айтып, аштың мұңын көңілдің,  
Сөктің шетін бодан құнгі өмірдің.  
Төуелсіздік елім бүгін алды деп,  
Ризашылық айтып еркін төгілдің.

Жас жағынан алшак жатыр арамыз,  
Көрген сайын үлгі, ғибрат аламыз.  
От пен сұын шеккен өткен ғасырдың,  
Тірі тарих болдың бізге ағамыз.

Естен кетпес сан ақықат айтқаның,  
Аңы жырым  
Келді сонда аңы өнім.  
Бір мінезің үнап қалды жолатпас,  
Шөкім үнін ақықаттаи басқаның.

Көңіл құсы қүйқылжыған тоқті өлең,  
Бәрі де бар тек уақыт қой жетпеген.  
Төрімізді Есман аға жайлай бер,  
Ақ жолында тоқсан жаққа беттеген.

29.04.2004 ж.  
*Қызылжар.*

## **АҚ ТІЛЕККЕ МОЛ ЖАҢБЫР**

Мамырда болды алтап қалың ыстық,  
Аллаға: “Сактай ғор” - деп табыныстық.  
Сол кезде егін, шөпке қатер төнді,  
Жер құрғап есімізден жаңылыстық,

Алystan аңсал жеттік Жалғызтауды,  
Бет сипап  
Өттік барлап сан қыстауды.  
Ас бердік Әшірбектей інімізге,  
Иншалла, дәл сол кеште жаңбыр жауды.

Қаңсыған қанды әйтесуір жер шөлінс,  
Көп зиарат араладық ертеңіне.  
Ариайы қос анама дүға оқыттық,  
Келгендей жер шарының кең торіне.

Болған іс Үкілі Ыбраій ауылында,  
Киелі Жалғызтаудың бауырында.  
Берген ас, аят, дүға әкелгендей,  
Мақтадық табиғаттың жауынын да.

Болғандай біздің елдің бағы баулы,  
Есілге күт береке ағыны ауды.  
Келгенде Мағжан аға ауданына,  
Аңсатқан алтын жаңбыр тағы жауды.

Жау, жаңбыр,  
Кен арала торден төрді,  
Бір кенелт шілде алдында өр мен шолді.  
Ақ бидай баппен өссін молшылықта,  
Тірілер ұмытпаспыш өлгендерді.

27.06.2004.

*Байшілік.*

## ОМБЫИА САПАР


Омбының тас қайрактай жолы қандай,  
Қоймайды қара тұлпар шөлі қанбай.  
Тек қана таможнясы қызын екен,  
Біздерден орыс қызын қорғағандай.

Үйретпес бар тетігін заман иенің,  
Толқытты қөнілімді алаң менің.  
Орыстың әйеліне жоламаймын,  
Олтахи, құдагиға барам дедім

Сөз қонды жасыл жага көр қулакқа,  
Мен айтқан ауызекі қонді датқа.  
Аралап ну орманды кете бардық,  
Құдағи сағындырған Омбы жакқа.

27.06.2004.

*Қызылжар-Омбы.*



## ШЕКАРАДАҒЫ ХИКАЯ

Жалғасып жатқан тамаша,  
Орыс пен қазақ даласы.  
Қызықтым жас балаша,  
Сүйсінтіп орман арасы.

Бірлесіп тұр жер мен көк,  
Сезбеген сшбір төңкеріс.  
Тек қана ірге бөлген бол,  
Шекара құрды өзгеріс.

Дей алмайсың білместік,  
Тексеріс күрса не түрлі.

- Шет елге барған құн кештік,  
Танымас бөтен секілді.

- Мына фото шалдікі,  
Ал, Сіз жап, жас жігітсіз. -  
Деп сұлу қыз салды іргікі,  
Сұқтана қарап қудіксіз.

Қаһарын ару білгізді.  
Не дессе де нанамыз.

- Өзгелер өтсін ал Сізді,  
Осында алыш қаламыз -

Деп шошытты тырсиып,  
Қыз еken көркем жігерлі.  
Сөлден кейін мырсиып,  
Шыдамай құліп жіберді.

Жылылық мол той тегінде,  
Күлкіге біздер кенелдік.  
Орыс пен қазақ шебінде  
Осындай болсын кедендік.

*30.07.2004. Омбы-Қызылжар.*

## **ОМБЫҒА ЖАҢБЫР ӘКЕЛДІК**

Орайлы болды тан нұры,  
Тілегін айтса ел неңдей.  
Қазақтың қалың жаңбыры,  
Омбыға сріп келгендей.

Куаныш келді құп алар,  
Сый, құрмет бойға батарлық.  
Нұр жаудырған құдалар,  
Ертісте біздер атандық.

Сагыныштан қүйгенге,  
Көрінсек ұқсан қалғандай.  
Құдагиды сүйгенде,  
Шелектеп тағы жауғаны-ай!

Жылынып соңда ет, журек,  
Өзімді әрең менгердім.  
Жұғысты болсын көп тілек,  
Балаларға дей бердім.

*27.06.2004.  
Омбы.*

## **ШАРШАФАНЫМ БАСЫЛДЫ**

Кызылжар мен Омбынын,  
Арасы орман гажайып.  
Жер сұлуы молдырын,  
Тебіренбей қалай жазайық.

Бірінен бірі аумаган,  
Тогайлы қырқа бел қандай?!

Мол егін көзді арбаган,  
Шаттыққа құшақ толғандай.

Жаркыл қакқан айна көл,  
Саумалкөлден аумайды.  
Жағада өрген мал мен төл,  
Баяндар ортақ хал, жайды.

Желкілдеген шілік тал,  
Жарасқан жігі бұзылмай;  
Бозбалага үрымтал,  
Орыс пен қазақ қызындаі.

Сезімді қалай шақтайын,  
Елеске көңіл бөлінді.  
Ақ балтырылы ақ қайын,  
Арудай таныс көрінді.

Оттары Омбы жар салған,  
Жүрісті біздің үннatty.  
Қызғалдақ шашып қарсы алған,  
Құдашалар сияқты.

Семей атты көшемен,  
Қалаға кіру жүдә сый.  
Тосқандай бізді кешеден,  
Жарқ етті аппак құдағи.

Жеттік-ая, сертті сөз кесіп,  
Думан той қызық ашылды.  
Аңсағаным кездесіп,  
Шаршағаным басылды.

27.06.2004.  
Омбы.

## ШАЛАБАЙДЫҢ БӘЙБІШЕСІН МАҚТАУЫ

Омбыңдағы құдамыз Шалабайдың,  
Көп қызығын мен қалай санамаймын.  
Бәйбішесін мактауы ғажал екен,  
Ел дәстүрін сүйгенді бағалаймын.

Пай, пай, дерсің айтқанда бәйбішесін,  
Тамсандырды сипаттап әр мүнессін.  
Ақындарша тұлғе де жатық екен,  
Қыпша белін, мықынын, дөл пішетін.

Деді: Шаңырақ тірегі шалқып тұрған,  
Фаламат қой жаралған балғын нұрдан.  
Жас күнімде қызумен ала салсам,  
Енді әйел жоқ дәл бұдан асып тұған.

Күлім қаққан мактады қос жанарың,  
Шам, шырақтай жайнаган қосты ажарын.  
Сиыр, бие, қой, түйе саяу білер,  
Айтты ажарлап,  
Аузына тоскан балын.

Бауырсағын сап, сары жайнагады,  
Бал қаймаққа тілінді байларатады.  
Деді: Достар!  
Бұл күнде еш үйде жоқ,  
Құрт, ірімшік Биғайша қайнатады.

Содан кейін оралды тортасына,  
Тіл үйіртті құрт салған сорпасына.  
Сүр етін-ай,  
Шіркін-ай, деп те қалды,  
Қосып жейтін жас малдың қолқасына.

Ет турауды құдайым нәсіп етті,  
Деді өнерін еркектен басым етті.  
Дәметкенді мақтаган Амантайдан,  
Осы жері әрине, асып кетті.

Мақтаганда  
Өзі де өрттей жанды,  
Әр кылышын жаттапты серттей мәңгі.  
Бар онерін Бибіштің санағанда,  
Қолындағы он саусақ жетпей қалды.

Осындайда көп сырды жанап өтем,  
Бар қазакқа емес қой алабөтен.  
Бие сауа білмейтін келіндерге,  
Бигайшаның өнері сабақ екен.

Қоянбайдың ауылын барып көрдік,  
Дастарханда дәм түзға қарық болдық.  
Шалабайдың айтқаны анық екен,  
Ел дәстүрі бұл жерде барын шолдық.

Айтты дерсің өнерін басқа қандай,  
Ару екен мақтаса мақтағандай.  
Жас маралдай денесі бүлкүнып тұр,  
Ару екен аршын төс, ақша маңдай.

27.06.2004.  
*Омбы. Қоянбай ауылында*



## СӘЛЕМ БЕРДІК ШОҚАНҒА

Лұпілін жүрек түсінді,  
Тосқандай алда мол мұра.  
Сан көрме бізге ұсынды,  
Күдалар күткен Омбыда.

Зор парыз алып келгендей,  
Ертісте құтты қалаға;  
Сағынып сәлем бергендей,  
Бас идік Шоқан данага.

Көкірек қайтсын нұрланбай,  
Өрбіді көңіл дауылы.  
Қасымда бірге тұрғандай,  
Мен өскен Шоқан ауылы.

Алдында тағзым еткенім,  
Текті фой жастай нұрын коп.  
Көрініп тұрды мектебім,  
Елестеп көзге Сырымбет.

Көңілге шаттық толды да,  
Толқытты бейжай тұрғызбай.  
Көкшеде туып Омбыда,  
Жарқ еткен сөнбес жулдыздай!

Женіске іздел мың тетік,  
Мыңменен жалғыз жарысқан.  
Оқыған жерін түрлентіп,  
Қасқайып отыр данышпан.

Бір көруді расында,  
Армандалап жүрдім жете алмай.  
Көп тұрдық мұсін қасында,  
Омбыга тастап кете алмай.

28.06.2004.  
Омбы.

## Ж...FA

Жасыл қамзол, көк кейлек, ак орамал,  
Көзге түссе етемін коп жорамал.  
Бермеді ғой тыныштық шыбын жаңға,  
Талмауратып жүргегім сен тонаған.

Асып кеткен жетпістен еріншектей,  
Кей құрдас-құдағидың кебін шекпей,  
Құдағиы інімнің көрінесін,  
Қырыққа жаңа жеткен келіншектей.

Ақ күміспен апталған мұсіндейсің,  
Татқан дәмді ұлардай ұшып жейсің.  
Ақ еліктей қурайдан бой сақтаған,  
Козіңе көзді жылдам түсірмейсің.

Тамсандырды тамаша сәнділігің,  
Құдаң келіп оралды өлді күпің.  
Талай қызық тар жерде көрсегтің ғой,  
Кел екеулем салайық өнді бүтін.

28.06.2004.

*Омбы.*

## МАҒЖАН БАЖАНОВҚА

Ата, анаң өулиелік есім берді.  
Тағдырын жаңа өмір көшін көрді.  
Жұз үйлі Қоянбайды жөндең алып,  
Көрсеттің Құлагердей көслігенді.

Келіп ем бөлеп, тербел жол құндағы,  
Құтты екен құдалардың зор тұрағы.  
Сақтаған атамекен қазақ жерін,  
Бауырлар сау болындар Омбыдағы.

Жер екен сан үрпаққа болар жайлы,  
Көз тойып неге көңіл оянбайды.  
Қазақтың бір бөлшегі деп білемін,  
Сібірдің қақ төрінде Қоянбайды.

Бастаған алыс жерде өмір көшін,  
Емессің айта салар жеңіл есім.  
Жұз үйлі Қоянбайды басқарсан да,  
Мен үшін губернатор көрінесін.

29.06.2004.  
*Қоянбай.*

## ҚОЯНБАЙ АУЫЛЫНДА

Атамскең жүз үйлі,  
Қоянбайдың ауылы.  
Шат тұрмысы шын күйлі,  
Бекіген мықтап дөүірі.

Қара ала сиыр көп екен,  
Қой, ешкі де баршылық.  
Жылқылары тоқ екен,  
Қымызға етпес тапшылық.

Салың ойран асырга.  
Анасына айтпақ сыр.  
Құла бие қасында,  
Құла құлын оттап түр.

Аңсау, сусау өлегі,  
Көз көрсетер анықты.  
Бір қақпана өдемі,  
Жезкинкті салынты.

Нисті таза халықтың,  
Қол жеткен разы арманға.  
Ескі дерттен сауықтый,  
Құдаги он салғанда.

“Гәккулсттім” өзім де,  
Мінгендей Ертіс қайығын.  
Қосылды балқып сезімге,  
Құдаги мен жұбайым.

Қырандай қонған тұғырға,  
Ақының аз ба міңдесті.

60-қа толған жуырда  
Бәрі Есеннің құрметі.

29.06.2004. *Омбы.*

## ҚҰДАҒИҒА СЫЙЛЫҒЫМ

Астанадан келіп қалсақ Омбыға,  
ұсынамын ұмытынастай мол мұра.  
Кітабымды ал Жұмабике құдағи,  
Бастау жақсы алыс-беріс жолды да.

Мерекенің қүштісі деп ойлардай,  
Есенге арнап сіз жасаған той қандай!!  
Тыным таппай  
ерте тұрып кеп жатып,  
Жан жылыттың сый, құрметке төйғандай.

Меккеге кеп мейірім қаңып тұрғандай,  
Дән разымыз айтар деме сүи қандай.  
Көкірекке көп қуаныш толтырдың,  
Жер мен көктің бар байлығы сиғаңдай.

Егде күнді жастық шақпен жалғадың,  
Құдадандалық сездім асыл бар мөнін.  
Сағынталды-ау,  
Аңсатады-ау, құдағи,  
Біздер кетіп сен Омбыда қалғаның.

Қимастықтың ынтық сырын білерсің,  
Ойын гой деп күлерсің де жудерсін.  
Кітабымды ал Жұмабике құдағи,  
Құшаққа алып түнде оқып жүрерсін.

29.06.2004.  
*Омбы.*

## ОМБЫЙДАН АТТАНАРДА

Отырсам көргенімді өлсөн қылып,  
Шұбалған тілемеймін қолемділік.  
Қыл қалам,  
Не жазсан да ойлайтыным,  
Болсын де кешегіден өрең биік.

Кейде бір толқып кетсем көз ілінбей,  
Заулай бер, көшкен сеңін ңөпіріндей.  
Жалғай бер, жүректерді жүректерге,  
Омбының Ертістегі қөпіріндей.

Орыстың орманында маралындай,  
Маң кербез тұлғасына қарадым жәй.  
Құдағи бір келер деп тосқан екен,  
Сарыарқа сағындырған самалындай.

Келбеті-ай ақ тотыдай жарасымды,  
Бойына беріпті Алла бар асылды.  
Төркінің Қызы Жібектің елінде екен,  
Білгендей мын сұлумен таласуды.

Құдалар дос бол кетті жаны ашырлар,  
Ішінде жақсы, жайсан сан асыл бар.  
Бөрінің Жұмабике құдағидай,  
Ақылды әрі сұлу данасы бар.

Аңдатса ел алдында төсөлгенді,  
Байқадық желмей шапқан көсем керді.  
Көрсетті атам қазақ көп өнерін,  
Өз інім - бауыздая құда Есенгелді.

Күн жетті. Енді біз де аттанамыз,  
Әр мезөг болды ертек, дастан-аңыз.  
Омбының қазақтары шын тілекtes,  
Бауырмал адамдар деп мақтанамыз.

Қарасақ көз алмастан иштімізден,  
Тандырыды-ау, ақ құдаги есімізден.  
Күн жақсы кеңдескенине  
Есен сау бол,  
Құдаги кел, сүйейін бетінізден.

30.06.2004.

Омбұл.

## ҚҰЗГІ РОМАНС

Есімінді еске алсам,  
Құлаққа үнің жетеді.  
Сыбырыңа қуансам,  
Денем лаулап кетеді.

Сонда, асығыс басталар,  
Қайран көңіл аптығы.  
Елтін, балқып, қарсы алар,  
Махаббаттың шаттығы.

Қандай ғажап өмірде,  
Үйлескені жанға жан.  
Ү-мен балға қонуге,  
ұмтыласың жалмажан.

Жарасады құлгенің,  
Оспак айтып не түрлі.  
Қандай қызық жүргенің,  
Дым білмеген секілді.

Рахат, ләzzат татымы,  
Елжіретсе тән шеккен.  
Алғыс алдым ақыры,  
Жанарыңнан жарқ еткен.

09.07.2004.

Астана.

## **МАКБЕТТИҢ ХАТЫ**

Тұсімде қасыңа барыптын,  
Ай күә, ақ сүттей жарық тұн.  
Бір сүйіп,  
Бас сала құшақтап,  
Сағыныш өлегін таныттың.

Тоймастай ләззатқа жарыттың,  
Мен сүйсем албырап талықтың.  
Сен сүйсөң ырқыңа көндіріл,  
Есімнен айрылып қалыптын.

Көп тосқан жазасы-ау, айыптың,  
Жанымды өп, сөтте байыттың.  
Сағыныш дертінен жудесем,  
Құшағың ем болып айықтым.

Жас күндей қызыққа қанықтым,  
Мас деме, өлі де шабыт тың.  
Рахаттан шаршаган сәт қандай,  
Бір өліп, бір талыш қалыптын.

Тұсімде... тұсімде барыптын,  
Сен аппак, ақ төсек, мамық тұн.  
Ой, Алла-ай,  
Сол гажап мезетті,  
Өңімде көре алмай зарықтым.

Тұсімде барыптын,  
Өңімде жабықтым.  
Жарық Күн көрінді жабық тұн.  
Қалқам-ай, білсеңші, хал-жайын,  
Фашығлық шаршатқан гарыптың.

*22.06.2004ж.  
Астана.*

# МАҒЖАН-АҒА БІР ҰШҚЫНЫН БАЙҚАДЫМ

(Есенгелді Мұқыжсановқа)

Әнге қоссам Есіл өзен сыңғырын,  
Құлақ түріп тындағ қалар кім бұрын.  
Тогайды өрлең аққан бүйра толқындар,  
Еске салды Мағжан-ага мұң, сырнын.

Айтсам соны ақ қайындар тілімен,  
Кім табады журегіне жылы дем.  
Есен-інім мен домбыра тартқауда,  
Сен өзгеден артық назар бұрып ең.

Күйге қоссам Сарытомар гүлін де,  
Кім жаратар ілімге әлде білімге.  
Мағжандықтың бір ұшқынын байқадым,  
Гүлте күмар, күйге күмар үніңде.

Ойға батсам Қызылжарша тік тұрып,  
Кім түсінер көңіл назын тұп, тұнық.  
Сол бір кезде көрінесің күлімдеп,  
Бұлттар кошіп, күн шыгарын ұқтырып.

Жалғызтауга көп теңесем өзімді,  
Жабырқамас кім өкелер сезімді.  
Сол бір кезде жарқ етесің алдымда,  
Көбейткеңдей ішкі намыс, төзімді.

Әнге қоссам акқулардың сарынын,  
Кім байқайды шер кеулеген зар үнін.  
Сол бір кезде күш бересің Есенім,  
Алатаяуды жайлап жүрген нар інім.

28.04.1994. Алматы.

## ЕСЕНГЕЛДІ БІР ҚАТЕРДЕН ӨТКЕНДЕ

Ақынның бары да өлең, жоғы да өлсң,  
Сый тартар шабыт жәнді жолыменен.  
Аға-іні қымбатты дос қиналғанда,  
Отырам жүрегімнен жонып өлең.

Мен үшін ерекшесің Есен інім,  
Шығады сен дегенде есслі үнім.  
Алладан тілей бердік,  
Үрейлендік,  
Қуандық қатер өтті десе бүтін.

Қайтадан игере бер тың асуды,  
Жалықлан аға болып сыр ашуды.  
Бірер ай қиқарлықты тия тұрып,  
Тыңдай бер лям-им демей Күләшінді.

Ту тіккен Мағжан аға ілегіне,  
Жігітсің шабыт қонған жүрегіне.  
Есен-ая,  
Бар сырқатты сырып таста,  
Оранып сл-жұртыңның тілегіне.

25.10.2002 жс. Алматы.



# АМАНАТ БЕРГЕН АЛҒАСЫМ

(Есенгелді Мұқыжановқа)

## Бірінші өлең

*“Сүйер ұлың болса, сен сүй,  
Сүйінерге жарап ол ”.*

**Абай**

Жақсылыққа жар салады әр таңым,  
Шырын бұзбай  
Шындықты тік айтамын.  
Мен сүйетін бір інімді

алтын күз,  
Ақ шуағы шарпығанын байқағын.

Есен десем,  
Карсы алуға жарысқан.  
Есіл-Көкше жарқырайды алыстан.  
Жар басынан қол сілтейді ақ қайың,  
Алпақ қыздай бала күнде танысқан..

Тәтті сыйыр,  
Исі жұпар жел еспек,  
Айдында аққу жылы жүзбен кеңеспек.  
Тал түбінде ән салады ақ тоты,  
Омбыдағы құдагидай елестеп.

Эне, сонда  
Құлын-жүрек шүркырап,  
Сал қарағай қол сілтейді жыр құрап.  
Сырын ашып, жолаушының асығыс,  
Құрым-будақ шаң көрінер бұркырап.

Көп “мерседес” көктө жүлдyz акқапңай,  
Құйындаста  
Көз қадап түр ақ маңдай.  
Қызық қайда Байшілікте ағайын.  
Алматыдан Есен келे жатқандай.  
Балалар да шу көтерер дауыстал,  
Торғын төгай төбесінен ән үшпак.  
Өз сәнімен бөрі өтіп жатады,  
Құдағимен  
топ ішінде қауышсақ.

Есен десен,  
Сөз қозгалар келелі,  
Ақсақалдар ақ батасын береді.  
Алтын оқа камзолдарын жайнатып,  
Кемпірлер де тойлы алаңға келеді.

Есенге арнап ақбоз үйлер тігілер,  
Жеңгелері бүгіле басып жүтірер.  
Мінезіне дән разымын бауырмал,  
Аулындағы ұлкен, кіші жүтінер.

Құрдастары  
іштен шалып қақса да,  
Амантайлар,  
қисық тиіп бақса да,  
Сыр білдірмес қылығына сүйсінем,  
Әзіл-қалжың арналғандай басқага.

Тентек досқа,  
турпі сөзбен жанаспас  
Кісілігі тамаша гой адаспас.  
Бейжай қарап, мадақтау мен мактауға,  
Есерлермен  
топ ішінде таласпас.

Тіл табады өкіммен де хакіммен,  
Сөзге шебер дәмді, мәнді татыммен.  
Ол әң салса  
жасқанады жұлдыздар,  
Әр қадамы жасалады ақылмен.

Тенеу іздең Есен үшін мың арба,  
Ойым да жоқ  
атын аңыз қыларға.

Төуелсіз ел ол самгауық қыраны,  
Жетпей тынбас жерде жапы құмарға.  
Көре, көре қымылына қанықтым,  
Көпке қажет  
әрекетін сан үқтый.  
Қан майданда  
Бауыржанша құлышынған,  
Ол бүтінгі қолбасшысы нарықтың.

### Екінші өлең

*“Мен жастарға сенемін”*

**Мағжан Жұмабаев**

Шыға келсе, ол алдынан жарқылдал,  
Көңіл өсер күлкісіне бал құндақ.  
Есен — деген  
нагыз қас сақ емес пе,  
Ақ ниетті, жарқын жүзді, аңқылдақ.

Ол — құрлысшы  
тер аямай шалқыған,  
Әкім де бол, жолын ашты әр қиян.  
Ол — кәсіпкер  
Қамқоршысы ауылдың,  
Қайда жүрсе қазақ исі аңқыған.

Мінезі бар онда батыр Баянның,  
Есен де жоқ

Сәтсіз алта, сараң күн.  
Ол күрсінсе, күйзелткені ел мұны,  
Жан суытып бір кеселі заманның.

Қаршадайдан кең құлашты тынысыň,  
Дәлдеп айтсақ; ол Мағжанның інісі.  
Ұлы ақынды  
Сөйлетті орыс тілінде,  
Сондықтан да өзгеден зор бір ісі.

Тірі ақындар келіп ауыр нарықты,  
Қолдаушы іздең, құнсыз қалып тарықты.  
Сондай кездे  
Өлеңдері Мағжанның,  
Жарқыл қағыл, көрді орысша жарықты.

Қуандық-аяу,  
Жерден жеті тергендей,  
Қызық қайда ол мезетті көргендей.  
60-жаста орден тақса Президент,  
Мен жорыдым Мағжан үшін бергендей.

Сондықтан да  
Жалықтаймын шырқаймын.  
Шарықтаймын басылғандаі бір қайғым.  
Мағжан аға,  
110-жылдық тойында,  
Сол кітаппен Қызылжарға нұр жайдың.

Атынды айтса  
Кей орыстар керіскең,  
Қылықтары шыққан талай терістен,  
Таңдай қақты,  
Сүйсіндірді, тебірентті,  
Әр өлеңің таймас достық желістен.

Ұқты орыстар ел арманы екелін,  
Ұннан олар үшкүр жырдың жетегін.  
Ұлтын сүйген  
Ұлағатты арысқа  
Ұғынысты тиісудің бекерін.

Ата жұрты ауданында Мағжаның,  
Есен жүр ғой көкірегінде әр жанның.  
Аулындағы  
мектебінде көмегі,  
Атаулы ісі Алматылық тарланың.

Елді ойлағыш Есенгелді өр таңы,  
Ауыл үшін жақсы-ау, қалта қаққаны.  
Келді осылай...  
Мағжан аға кезінде:  
“Мен жастарға сенемін” – деп айтқаны.

Қысқа сөзбен нұсқа тапса кеңесім,  
Есен – деген  
шын қазақы зор есім.  
Тілейтінім: ден саулығы бекем бол,  
Мағжан аға өруағы жебесін.  
Бауырласты Есен досы Мекешиен,  
Сөздері жоқ келісімді екі еткен.  
Бақытжан да  
барын салып байқады,  
Көп ақынды шығармай бір жетектен.

Інілерім – ықыласқа бай халық,  
Ауыр жолда алған беттен таймадық.  
Халықаралық Мағжан қорын құрғаңда,  
Біз Есенді  
Президент етіп сайладық.

Асыл ғұрып  
Есен басқан әр қадам.

Тілін,  
ділін,  
дінін жөптер байқаған.  
Осындайды аңсал өткен ақтангер  
Мағжан үшін қағам оны арқадан.

### Үшінші өлең

“Жылдам жылжыған жылдар, өткен  
күндердің белгісі болып барады”

*E. Бекетов*

Евней-ага жетпіс жасқа толганын,  
Тойлаганда таттық шаттық мол дәмін.  
Білдік сонда ауылдағы қуаныш,  
Есенгелді мұрындығы болғанын.

Дей алмаймын үкімет қол тежеді,  
Шын бауырмал сырды жаным сезеді.  
Есенгелді дәл сол кезде шенеунік,  
Үлкен торге жақын жүрген кезі еді.

Желкілдесе Есілдің кок құрагы,  
Толқып жатты Евней ага бұлағы.  
Есімімен аталатын көшеде,  
Моңғұлікке туды жаңа тұрағы.

Келді осында  
байтақ ел зор қауымы,  
Зиялыштар, ағайын, дос, бауыры.  
Бекетовті дүниеге өкелген,  
Жайнап кетті Бағанаты ауылы.

Евней есқсан орталығы ауданыңың  
туды ерекше  
шам, шырагы жаңған күн.

Мектебіндс асыл аға оқыған,  
Айттық барын орындалған арманның.

Мектеп, көшे арналыпты галымга,  
Берді атына университет залын да.  
Әкімдер де зор ілтифат корсетті,  
Ең жоғарғы қолдауишиның барында.

### Елбасына

шын алғысты үйгендей,  
Аянбадық ән мен жырга түйгендей.  
Кейбіреулер айтып жатты окпе, наз,  
Арызқұмар “безбүйрекке” тигендей.

Өтті бүтін тағдырдың сол сынағы,  
Түзеллі елдің күйге толы құлагы.  
Сыңғыр қақты  
асыл досын сагынып,  
Тәтті әуенмен “Евней-аға булағы”.

Ағаға, іні парызы сол міндettі,  
Ел думаны бәрімізбен бірге өтті.  
Фалым-аға риза болсын әруағы,  
Көрсете алсақ ел алдында құрметті.

Үлкен тойға таптық жайлы қонысты,  
Бәйге өрі де,  
Дастархан да толысты.  
Есенгелді, алғысын ал Евнейдің,  
Құт орады сен қолдаган сол істі.

## Төртінші өлең

“Досыңды айтсаң – өзінді де танимын”  
Халық сөзі

Неге Есенді айта берді осы? – деп,  
Сұрап қойсан,  
Жауап тында тосын кеп.  
Сүйем оны дүлдүл туған дарабоз,  
Жәнібектей өнші болған досы деп.

Сөт орнатса өмір-толқын жетегі,  
Жақсы адаммен  
Сырлас, силас етеді.  
Кім болса да,  
Жәнібекке дос болу,  
Бір жігіттің ғумырына жетеді.

Жас кезінде бірге қурған сайысты,  
Қос бұлан ер  
Құнан күнде табысты.  
Жазатайым Жәнібек мерт болғанда,  
Қабырғасы елден ерек қайысты.

Шындықты айтам өйгі болған басқаға,  
Білмессен дос,  
Сен де есінчен тастама.  
Жәнібек салған әндерді де  
ең алғаш,  
Есентелді түсірді ғой таспаға.

Компакт дискі әлемге қол создырған,  
Құбылыс болды жүрт риза коз бүрған.  
Жаңа ғумыр  
Жәнібек үшін басталды,  
Ағындағыш “Алаштан әп өздырған”.

Білдім қайсар сөртке берік сөзін мәр,  
Асыл досқа адалдығын сезіндер.  
Әкім—Есен жасай білсе колқабыс,  
Беу, ағайын, ісін кор де өзін кор.

— Ізгілік мол дос тілегін актайтын,  
Жәнібекті алақанда сақтайтын, —  
Ден Есенді ерте кезде бізге айтыш,  
Қошқарбаев Рахымжан-аға мақтайтын.

Құны қымбат дөл осындаі бағанын,  
Есіме алып  
ойға шомып қаламын.  
Жәнібекті Есен мәңгі силаса,  
Келді айтқапы аузы уәлі ағанын.

Беу, досым-ау,  
Көнемін не десен де,  
Айтылмаса көңілден ой көшер мс?!

Жадырасын, шалқысын жаны балқыт,  
Жәнібек алғыс айтам Есенге.

### Бесінші өлең

“Жақсының жақсылығын айт —  
нұры жансын”

Халық сөзі.

Жақсыны айтып,  
Беу, достым, мақтаналық,  
Үрейленбे тастар дең тақған алыш.  
Түймедейін паш етер түйедей ғың,  
Байқап тұрсаң маңайда басқа халық.

Марапаттап бауырмал таза құлді,  
Айта білді,

Құлшынтып жаза білді.  
Біздікі — дәп өлемге әйгіледі,  
Көрші достар өзіңнің қазағынды.

Мен сергекпін көз тіксем сапқа қандай,  
Мың толғаным ақ тілек актағандай.  
Меже болды  
алдымда асыл үлгі,  
Ақын Ілияс Сәкенді мақтағандай.

Жан, жағыма көзімді қадап алдым,  
Жасқанбадым,  
ак ниист тазаландым.  
Бірін, бірі ерекше бағалаған,  
Мұхтар менен Қаныштан сабақ алдым.

Жақсы көрген ағаны, ініні де,  
Ел жөнтекен атағы іріні де,  
Жырға орап келемін  
ак ниетпен,  
Ақыл, ойы дең қойып біліміне.

Таңдандырса тамаша ісіменен,  
Құйылады қиядан ішіме өлең.  
“Көңіл құсы қүйқылжып шартарарапқа”,  
Өңім өлең  
болады түсім өлең.

Тоқтағаным шабытты шаққа мұнша,  
Тыныс қайда,  
келмейді асқа мұрша.  
Өз теріме мен кейде симай кетем,  
Жақсылығын жақсының айтқанымша.

Мақтау тапса ер жігіт татымдысы,  
Бәһра алар арттағы ақылдысы.

Есенгелді секілді  
мырза мейір,  
Мәрг адамдар жаныма жақын кісі.

Аяласа алдында арайлы арман,  
Ізгілікке ол жастай даярланған.  
Бітті Есенге  
мейірбан құлықтылық,  
Ары таза мақтаулы талайлардан.

Жарысы емес дәүлеттің ойлағаны,  
Кем, кетіктер  
Қашан да қолдаганы.  
Ардагерлер Есенді жақсы көрсе,  
Қайырымшыл оған құт орнағаны.

Сақ қыранға бұйырса нәсіп тегі,  
Адал байлық жарасар асыл шебі.  
Қолда барын  
атаулы іске салар,  
Қазағымның ол таза кәсіпкері.

Есен елдің жегулі қазанаты,  
Көбейсін де осындай азаматы.  
Ауылдағы балалар алғыс айтқан.  
Аса қымбат қадырлы маған аты.

Кей мырзаның жері көп етегі кең,  
Мыңғырған мал кетпес жетегінен.  
Есеннің бар ауылда интернаты,  
Мойнына алған өрісін мектебімен.

Жеткіншекке көмегі дес жетеді,  
Компьютерді айрылmas дос етеді.  
“Красовка” кигенде аятына  
Аспан-көкке төбесі тез жетеді.

Ақын сырын соңдайға ақтарады,  
Елі, жері емес пе балтар өні.  
Әр көсіпкөр  
Есендей ат салысса,  
Құрып кетпей ауылдар сақталады.

Жазғанымды демеймін қызықты өлең,  
Жақсылықтың нышанын тізіп келем.  
Беу, ағайын!  
Жыр түгіл Есендерге,  
Жүргегімнің бір шетін үзіп берем.

Есептеді,  
Екі көз көргенді өрдім,  
Керегі жоқ ерекше көркемдеудің.  
Магжан, Евней, Жәнібек жебеп жүрсін,  
Аманатын қабыл ол, өткендердің.

*03.11.2004*

*Aстانا*



## ТОЙ БАСТАР

(Аманжол Қошановқа)

Қасына құтты көш құрап,  
Жасынан оссе ес біліп.  
Көрсетсе ойға дес қылық,  
Жол тапса салмай еш бүлік,  
Жасаса жүртқа септілік.  
Қатардан озса тең жүріп,  
Адал тер данқын асырып,  
Қолдаса оны көпшілік,  
Негізінде бар деп біл,  
Тамыры терең тектілік.

Дәл сондай алғыр санасы,  
Қалпынан таймас сабасы.  
Арғы тегі Қулеке,  
Абылайдың батыр дарасы.  
Бергі жағы Шал ақын,  
Қазақтың ақын данасы.  
Тұла бойы тектілік,  
Болмастай адам таласы,  
Жетпіске жетті Аманжол,  
Қошан-ата баласы.  
Бөлейік нұрға арайын,  
Құттықтайық, агайын!

Бала күннен тапқаны,  
Әр сөзін нәштеп шактады.  
Үлкенге құрмет сақтады,  
Кішіні қолдан қақпады,  
Жеті рет өлшеп, бір кесіп,  
Мұлтіксіз мінез баптады.  
Томпайған түрі тоқ пейіл,  
Керегін бойға шактады.

Ата, ана, іні, қарындас,  
Түлегін түгел актады.  
“Жұртсыздық – нағыз ұлтсыздық”, –  
Деп қаданы қакқаны,  
Тектіліктің дәл өзі,  
Атага бала тартқаны.  
Жалынбай шенди тәреге,  
Ұрынбай жансақ жебеге.  
Ғылыми мініп кемеге,  
Еккені дәріс, өнеге.  
Ұлтының қорғап мұддесін,  
Құрганы уық, кереге,  
Әлемдік бекзат атанип,  
Шықканы зәулім тәбеге,  
Айтсаңдаршы, жұртым-ау,  
Тектілік емей немене.

Азамат биік арманы,  
Қазанат елдің тарланы.  
Тамыршысы нарықтың,  
Әр сөзінің бар мәні.  
Лз емес асыл әулетте,  
Оз бота, баулы тармағы.  
Тектіліктің қармағы:  
Раушандай перизат  
“Торенің” қызын алғаны.

Төккен тер зая кетпеді,  
Сәт пен құт бері беттеді.  
Үстаздары ірі бол,  
Шәкіртер өмір гүлі бол.  
Жауқазындай көктеді.  
Экономист Қошанов,  
Есебін тапты еккені.  
Академик Қошанов,  
Кең торінде гылымның,  
Оригады өз мектебі.

Тектілік деген осы ғой.  
Басынан бақыт кетпеді.

Фылымның кернеп сарайын,  
Толтырған достар маңайын,  
Аманжолды сыйпаттар,  
Табар ем теңеу талайын.  
Тосып түр ұлкен дастархан,  
Сондықтан сөзді қысқартам.  
70-сі желкен жайсын деп,  
100-ге де есен барсын деп,  
Той бастайық ағайын!

11.10.2004 Алматы.

## ҚЫЗЫЛЖАР

Ақ қайың елі жайдары,  
Сарыарқа алтын айдары.  
Абылай қонған бел, белес.  
Қазактың ғажап аймағы.  
Әниш де, күйші гүрпүнан,  
Көркіне терең сыр тұнған.  
“Гауһартас” сенсің құлпырған,  
Қыраны елдің Қызылжар,  
Жұмағы жердің Қызылжар.

Орман көл толы айналан,  
“Гәккүлі” өлкем жайнаған.  
Сандуташ сайда үніне.  
Інжу мен маржан байлаған.  
Мағжандай қайсар жаралған  
Ұлдары арыс сан, алуан,  
Атадан мирас нәр алған.  
Қыраны елдің Қызылжар.  
Жұмағы жердің Қызылжар.

Жауқазын тұған үлбіреп,  
Гүлден де сұлу гүлдірек.  
Үлпянға тартқан үлтжанды,  
Кыздары шымқай Қызы Жібек.  
Есілдей көпшіл тілегі.  
Бірліктің берік тірегі,  
Достықтың туы — жүргегі,  
Қыраны елдің Қызылжар,  
Жұмағы жердің Қызылжар.

### СЫНЫҒЫНДАЙ АСЫЛДЫҢ

(Есенгелді Мұқыжсановқа)

Есенгелді дегенде ел түседі есіме,  
Сайын дала, шалқыған көл түседі есіме.  
Бозторғайдай шырқаған Сарыарқаның  
төсінде,  
Жәнібектей жестандай ер түседі есіме.

Сағынышпен үңілсем өткен күндер көшіне,  
Көз алдымға келеді шапқан түллар көсіле.  
Ақ орданың торінде, ақ дастарқан басында,  
Сұхбат құрған жақсылар әңгіме айтып  
шешіле.

Сынығындай асылдың текті тұган Есағам,  
Талай жанды білеміз сіз жақсылық жасаган.  
Жібі түзу жігіттің дос тұтасың бәрін де,  
Дүшпаныңды көргем жоқ кесек аткан  
тасадан.

Атыңды айтса танымас бұл қазакта сізді  
кім,  
Өрге тартып жүресің өнерпаздың тізгінін.  
Көптің берген батасы көсегенді көгертер,  
Жүзі жарық қашанда жаны жомарт ізгінің.

Қайратқа мін Есаға, қажыма да мойыма,  
Сырқат деген бөлөні алма тіпті ойыңа.  
Алпыс астың, жетпісің таяқ тастам жерде  
тұр,  
Желбіретіп туымды, мен барайын тойыңа!

*Нұсінбек Айтұлы*  
*29.10.2004 ж.*  
*Астана.*



## МАҒЖАН ТОЙЫ ЕСІЛДЕ

Жұз он жасқа Магжан-ага келіпті,  
Еске алуға елі, жұрты ерікті.  
Зор ескерткіш, мұрағат тақта, кен көше,  
Жан толқытып, екі көзді телітті.

Қызылжарда қызыл оттар жайнады,  
Келді қазақ акын сүйгіш қаймагы.  
Омбы, Қорған, түмендіктер сап түзеп,  
Келді түтел Есіл-Көкше аймагы.

Үйір-үйір туыстары Магжанның,  
Ұмтылды қасірет қайғы салған мұн.  
Магжан-ага ішінде жүр ақ тамшы,  
Әр жаңардан жарқыраған маржаның.

Сүйсіндірген жерлестерін, досын да,  
Бекен-ата жас үрпагы осында.  
Райхан, Серік, Шайзада мен Ұлжан бар,  
Күлқаныс жүр түскен талай тосынга.

Райханның толғанысы бөлекше,  
Шың тебіреңді атамекен желі епсе.  
Магжанға тартып тұған екен деп,  
Орыс, қазақ таңдануы ерекше.

Алатаудың ақиығы самғады;  
Иманасов әр сезінің бар мәні.  
Нұрғожа мен Ғалым топта құйғытса,  
Қызылжарлық Муталлап та қалмады.

Сәкен-сері зор айтсты басқарып,  
Мұшәйраны алды қолға Асқаров.  
Ерік десе, еріп кетіп қыздар жур,  
Тік қарауға жанарынаң жасқанып.

Көкшетаудың аты озып келіпті,  
Баянғали ақындарды жеңілті.  
Қазағым-ай, барын тойға арнаған,  
Жұлделерін көз тоярдай төгілті.

Қызылжардың қызыл арай кешінде,  
Дүбірі мол ғұмыр қонды Есілге.  
Әнін салған Еркегали досымның,  
Дәмеш-сұлу үні қалды есімде.

29.06.2003.  
*Қызылжар.*

## **КЕМ КӨРМЕЙМІЗ ТІРІДЕН** (Жәнібек Қөрменовке)

Жәнібек, домбыраң ба, елесің бе,  
Келесің тойлы кеште кенесуге.  
Шарықтап, аспандатқан қанат талмай,  
Асқақ ән қалды туган ел есінде.

*Қайырмасы:*

Манарабектей нұрлы етіп,  
Жүсіпбектей түрлентіп.  
Кемпіrbайдай құнірентіп,  
Әсset салтын құрып ең.  
Сенің асыл бейненді,  
Кем көрмейміз тіріден.

Кербез ән қалықтаса ұзап барып,  
Елтуши ек, көңіл есіп, қуат дарып.  
Тік шырқап, жарқ еттің де өте шықтың,  
Тал түстө аққан жұлдыз сияқтанып.

*Қайырмасы:*

Ақку, қаз саңқыл қақса сахарадан,  
Үнінді үзбей сақтар Отан-анаң.  
Үйқыдан Ақан сері аунап түсіп,  
Шәкәрім мың алғысын айттар саған.

*Қайырмасы:*

Дұлдұлдер дүбіріне қосқан өнер,  
Жан едің қай сайысқа қосса сенер.  
Қайғысы Құлагердің аз болғандай,  
Өзіңмен қалдау кетіп “бес қарагер”.

*Қайырмасы:*

1994.

## ЕВНЕЙДІҢ БҰЛАФЫ

Евней-ага ауылы,  
Бағанаты — деген жер.  
Айна бұлақ бауыры,  
Ақ қайынды белендер.  
Орман, тогай аралас,  
Ой салғандай кеменгер.

Ата, баба тұрагы,  
Кең қайнардың тәуірін.  
Евней-ага бұлагы,  
Атап кетті ауылым.  
Ақын, ұстаз ақтантегер,  
Ел сыйлайды бауырын.

Жұтыпрайхан самалды,  
Жаны рахат табатын.  
Баураг корген адамды,  
Жүрек отын жағатын.  
Ғалым аға тебіренің,  
Кен жаятын қанатын.

Зәмзәм толқып жатқандай,  
Ақ бұлактар жарысқан.  
Осы жерде ақ маңдай,  
Ағамызбен танысқан.  
Осы жерде өр киял,  
Кол сілтеген алыстан.

Сылдыр, сылдыр көп бұлак,  
Есілді аңсан ағады.  
Жағасында тал, құрак,  
Евнейді іздел барады.  
Асыл аға бейнесін,  
Жер, су еске алады.

Жердің гауһар көркемі,  
Баганаты киелі.  
Евней туған өлкені,  
Көрсөң жаның сүйеді.  
Бойға қуат, ойға сыр,  
Нұр шапағат үйеді.

## ЕКІ АУЫЛДЫҢ ҰЛЫМЫН

Мұң мен шердің ең шырайлы гүлімін,  
Ел жетілді, мен жетілдім, тірімін.  
Екі ана, екі атанаң тірнегі,  
Екі ауылдың мәпелеген ұлымын.

“Еңбек” — деген атамекен жайлы алаң,  
Бұрынғылар құтты қоныс сайлаган.  
“Ыбрай ауылы” анамекен ауылым, .  
Жалғызтаудың етегінде жайнаған.

Мекен еттік Сал Сырымбет маңайын,  
Кекшетауда, Айыртауда ағайын.

Ел сұлуы, жер сұлуы осында,  
Ең сұлу қыз көріп өстім арайын.

Ауыл десе мен ағынан жарылам,  
“Енбектегі” агаларға бағынам.  
Әже болып, әжім басып кетсе де,  
“Өскендердегі” сұлуларды сагынам.

Аз емес қой ансау, сусау жетегі,  
Ағаларым ноян еді кешегі.  
Қайда жүрсем бейнелері елестеп,  
Женгейлерді бір көргім кеп кетеді.

Үққан дәріс коре, көре жасымда,  
Жер жаннаты, жер тәңірі осында.  
Екі ауылдың зиратына табынып,  
Үлкендердің тұрып қайтам басында.

23.06.2002. Алматы.

## САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ СӨЗІ

Сөйлем түр генерал Сағадат,  
Тыңдадық тіл қатпай жамағат.  
Ариап түр Бәйкенге бар сөзін,  
Әскери үтимда бағалап.

Деді ол: “Кей дөкей аты ірі,  
Кай күні өмірі тоқтады.  
Сол күні алысы, жақыны  
Сыртынан сыпыра боктады.

Сау қалған осындағы жазадан,  
Әшімов — тажайып, таза адам.

Суворов секілді сөз ермес,  
Біз көріп, біletін аз адам.

Ар-намыс тұғырын жықлады,  
Қадамын ел бірге құптады.  
Ол — берік қолбасшы, мызғымас,  
Алғы шеп отынан шықлады.

Ол мықты тәртіпке сенім мен,  
Жері жоқ дүшпеннан женілген.  
Жүгі ауыр, төсінде жүлдyz да  
Маңдай тер селіне берілген”

1998.




## АҚҚУ ҚАЛА — АСТАНА

Есімің Ай-әлемге тұрақталып,  
Келіпсің Сарыарқага жұмақты алып.  
Көзіме көрінсің, жас Астана,  
Есілге қонған акқу сияқтанып.

Орнаса айдыныма алтын маусым,  
Ақ қанат, ашық қабақ жарқылдайсың.  
Саңқылың туган елді таңдандырып,  
Құлпырып, күннен-күнгө қарқындайсың.

Куансам, айналама жар салғандай,  
Ерекше өзгеріпсің тамсанғандай.  
Көргенде көз кенеліп, масайрадым  
Баяғы ғашықтарым қарсы алғандай.

1998.



## IV-БӨЛІМ

# АРНАЙЫ ҚҰТТЫҚТАУЛАР



*Солтүстік Қазақстан облысының  
әкімі Тайыр МАНСҰРОВТЫҢ атынан  
“Әлтайыр” атты Тұлпарды ел  
азаматтары Құдайберген Қалиев пен  
Бекет Тұргараев табыс етті. Сонда  
ақын былай деді:*

Бұл сыйды үлкен, кіші түсінеді,  
Тұлпар да көз тоярдай мүсін еді.  
Бекет пен Құдайберген әкелгендеге,  
“Әлтайыр” Тайыр берген кісінеді.



«Оданы РСТ Солисі тәсілін мүшесі»  
Е.М.Мұжанбайко

## Күрметті Есеневлі Мұқыжанұлы!

Сіздің аскаралы же 80-жылдыңыз байдырытының шынының  
күміткілігінен көдіктегініз.

Сіз шығындың көзінде жиын мемлекеттік қызығынаның аукынды  
кеңестердің ірдекілігінен көтілдіңіз.

Күрметті мамандының таңдай жүрін. Сіз оңда күр-  
күннен сол жаңай үшін базыннаның, рулеттепек жи-  
ланап да оңға жүрін, қатардағы мастердердің алғашқы та-  
ромасын проңаңыздың басқаруасынан деділ көтірілді.

Сандың алғындың басын бөлдің күрдіз саласын, десен қала  
Алматының айрауырының тұрғыншығын ариналыңыз. Менниң  
жөнде Кечінген шығанақтардың дыбысын, Алматы атқару комитетін  
тәсілдіңін орнатыптыңыздың рөгіндегі Алматы қаласын ғадиптіруде  
жинақылаудынаныңыз.

Жаңа тарихи жағдайларда, Қазақстан мемлекеттікінің толық  
саптап, Сіз ырынғын реформатордың жөнде көзанды демократиялардың жүзеге асарғы белсенділіктердің көзінде, «Оданы  
нарнайынның Солисі тәсілін мүшесі» жөнде мұхындағы баспасын рес-  
ми тәсілде Сіз таңданды жаңа існер, мактаптағы адам турағарадаған оның на-  
имының жағдайларда бейіндең алғындығын дәлелдейдің.

Оданың Салыстыру Салыстыру облысы жерінде Мажнан  
Жұрамбаев штабдасынан тұсан қуданында Сізің барында жүргіннен тұр-  
мынаның дауын саласына белгеле ат салысқан көз жақын бірлеуар  
сталат ретінде засып таңады.

Сізге көмек, үйінде салыруның шарттердіңізді, барынешінің  
оныр нозынаның жаңасы өткіндіккін алдамы көзінде де  
ондайдағы үдемеіз жүрдегі орнада береттіннің салын.

Бүсінен көрсетілінгенде Сізге, күрметті Есеневлі Мұқыжан-  
ұлы, еңбектегі табиғе, қаржылық мұнисыннан жаңа жаңа тәр-  
сулары, баяндары, отбасыннанғы иштілтілілік.

Күрметті,

Солигулі Қазақстан облысының  
әкімі

—  
Тәлір Мансуров

Пәннен оған жаңа  
2004 жылдың 26 сәуір

\* \* \*

*Балғынтаев Баттал*

Жас қыранның болса көзі қырағы,  
Не айтсам да осы тойда сияды.  
Алпыс жастың алып бүгін занғарын,  
Есенгелді - асылдардың тұяғы.

Останына адаптап ар-антты,  
Шабыттанып өткізген өр сағатты.  
Күткүңтаймын қуанышты құнімен,  
Аскар таудай ағамғұзды талантты.

Бақыт берсін әрбір атқан нұр таңы,  
Асуладарды алып биік, шырқағын.  
Халықаралық қызметті көрсеткен,  
Оза берсін автобустар - тұлпарын.

Откен жылдар жақсылықтың елесі,  
Қызметкер бол өткіздің сан белесті.  
Алпысында алар алда асу бар,  
Алға тартсын арманыңың кемесі.

Теңеп сізді алып таудай асуға,  
Сіз өзінің игі істің басында.  
Отбасында бақыт, дәulet орнасын,  
Жұз жасаңыз жан жарынның қасында.

*Аяғөз. 2004жыл.*

\* \* \*

*Амангелді Өрбісінов  
Ибрагим Жақсымбетов*

Есен - атты есімді,  
Сіз болдыңыз зор тұлға.  
Ел ағысы арналар,  
Нұрын шашқан нар ұлға.

Аға - ісіңіз ардақты,  
Ғұмырыңа жалғасқан.  
Абыраймен алға асқан.

Алпыс - белес арайлы,  
Лашын құстай самғаныз.  
Патшасы боп көнілдің ,  
Ырысы боп өнірдің,  
Сенімдерді жалғаңыз.

Жаста - асқарлы асуын,  
Асқақта, болмай жасуын.  
Сыйын алып үрпақтың,  
Тойыңыз тойға үлассын,  
Аймалап әркез шашуың!!!

*25 сәуір, 2004 жыл.  
Ақтау қаласы*

# МАЗМҰНЫ

Жаңа заманның кейінкереі ..... 3

## I Бөлім

Жүрек сырты	11
Құтты өлке	12
Құтты болсын маралат	14
Жалғызтау	15
Кітапта жазылған сөз	16
Есенгелдіге	17
Алғысқа келген інілеріме	17
Есенгелді құрылышының айтқаны	19
Ауылдағы аксақалға жауабым	20
“Талай жыл сыйлас өскен елес женіп”	21
Қаудырдың айтқаны	21
Салыстыру	22
Жүрек сырты	23
“Күлме қартка үнсіз, баяу жүрер деп”	24
Сараның Есенгелдіге айтқаны	25
“Жаңымның жарасы көп жазылмаған”	26
Құдагидың сөзі	27
Есманға	27
Экспромт	27
F..ға	28
Қазактар кімді сыйлаған	29
Есенгелдінің Оңдасынға айтқаны	31
“Жігіттің назы бітпес сырласымен”	31

## II - Бөлім

Есенгелді Мұқыжановтың 60-жасқа толған мерей тойындағы құттықтаулар	33
Той бастау	34
Асаба:	36

Бәйкен Әшімов:	36
Асаба:	38
Кенес Аухадиев:	38
Асаба:	39
Үзакбай Қараманов:	39
Асаба:	40
Жұмабике Сәдуқызы	40
Сүйіндікова:	40
Асаба:	41
Әбдіраман:	42
Асаба:	43
Ермекеев Амангелді:	43
Евгений Георгийұлы	44
Ежиков - Бабаханов:	44
Асаба:	45
Махтай Сағдиев:	45

### **III-Бөлім**

Омбыға сапар	46
Ауыл романсы	47
Омбыдан келген құдаги	48
Ауылдағы құттықтау	49
Байшіліктे	51
Амантайдың кіші	52
Әкімге ақылы	52
Амантайдың маған	53
айтқан ақылы	53
Есілдегі ағамыз	54
Ақ тілекке мол жаңбыр	55
Омбыға сапар	56
Шекарадағы хикая	57
Омбыға жаңбыр әкелдік	58
Шаршаганым басылды	58
Шалабайдың бәйбішесін мактауы	60
Сәлем бердік	62
Шоқанға	62
Ж...ға	63
Мағжан Бажановқа	64

Коянбай ауылыңда .....	65
Құдагига сыйлығым .....	66
Омбыдан аттаңарда .....	67
Күзгі романы .....	68
Мақбеттің хаты .....	69
Мағжан-аға бір үшкышының байқадым .....	70
Есенгелді бір қатерден өткенде .....	71
Аманат берген алғысым .....	72
Той бастар .....	84
Қызылжар .....	86
Сынығындай асылдың .....	87
Мағжан тойы Есілде .....	89
Кем көрмейміз тіріден .....	90
Евнейдің бұлағы .....	91
Екі ауылдың ұлымын .....	92
Сағадат Нұрмагамбетовтың сөзі .....	93
Аққу қала — Астана .....	95
 IV-Бөлім	
Арнайы құттықтаулар .....	96
“Жас қыранның болса көзі қырағы” .....	99
“Есен-атты есімді” .....	100



—**«Чынчык**—  
**Киян»**